

Бекітемін: 
Оқу ісінің меңгерушісі: Тлепова Ш.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «В» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09.2023
Балаларды қабылдау					Балаларды «Көңілді күн» музыкасымен қарсы алып, қабылдау.Көңіл-күйлерін сұрау. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. (Музыка****, дене шынықтыру**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру					Ата-аналарға мектепке келуі, тәртібі жөнінде әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					Үстел - үсті ойыны: «Жоғалған зат» Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді талдау жасай білуді дамыту. Ойын барысы: үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Оқушы қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.Заттардың нешеу екенін санап, айту.

					(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет-математика негіздері)
Таңертеңгі жаттығу (түскі жаттығу)	Қыркүйек айы (I – II апта) 1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; 2 Тізені жоғары көтеріп жүру; 3 Тепе-теңдікті сақтау: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; 4 Қатармен бір-бірден тізені жоғары көтеріп жүгіру; 5 Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою; 6 Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру; 7 Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею; 8 Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет); 9 Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); 10 Жұбымен шеңбер бойымен жүру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті боламыз. Армысың алтын Күн! Армысың Жер Ана! (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					Сауат ашу негіздері «Мен сияқты айт» (доппен) дидактикалық ойын Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу; Қазақ тілі «Сыңарын тап» ойыны Мақсаты: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан,

					жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру; Сурет салу «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» ойыны Мақсаты: Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру, үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекіту, дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру; Дене шынықтыру «Спортзалда ойнаймыз» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;
Серуенге дайындық	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Серуенге қызығушылықты арттыру, топтық ережелерді қайталау Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
Серуен					Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: тірі және өлі табиғат құбылыстары

					туралы түсінік қалыптастыру. Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайтып, күздің алғашқы белгілері туралы түсініктері қалыптастырады. Бақылау барысы «Қыркүйек» Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Тәрбиеші сұрақтары: -Күздің қандай белгілерін білесіңдер? -Күзде ауа-райы қалай өзгереді? -Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? -Адамдар күзде не істейді? -Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? Табиғаттағы еңбек Ойын алаңындағы ұсақ тастарды жинау Мақсаты: өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету.
--	--	--	--	--	---

					Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: балалардың ептіліктерін, шапшандықтарын дамыту. Ойын шарты: мысық рөлін ойнайтын бала тандалады. Қалған ойыншылар- «тышқан» болады. Мысық серуендеп жүргенде, тышқандар үйшікте отырады. Ал мысық ұйықтаған кезде, тышқандар серуенге шығады. Тышқандар ойын алаңында еркін ойнап жүреді. Осы уақытта мысық оянып, мяулап тышқандарды ұстайды. Тышқандар үйшіктеріне қашады. Жеке баламен жұмыс Мақал-мәтел Көктемгі әрекет, күзгі берекет. Еркін ойын Мақсаты: қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен сыныпқа оралуы. Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					«Мен білгішпін» ойыны Мақсаты: ауызекі сөйлеуде қарым қатынас құралы ретінде дамыту. Ойын шарты: балалар бір-бірлеп дорбадан заттарды алады. Не алғанын атайды. Қандай дыбыс

					шығарады. Дыбысты естиміз, айтамыз. Мысалы: қоңырау, сылдырмақ, телефон т.б (Қазақ тілі***)
Балалармен жеке жұмыс					құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындауы? Тұрарбекұлы Ибрахим қимылды ойынға қатыстырылды. Балалармен бірге «Пойыз» ойынын ойнап, балалардың алдында «тепловоз» болып, кейін «соңғы вагон» болып тұруға, жарысып ойнауға қызығушылығы артты.
Балалардың үйге қайтуы					Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.

Бекітемін: 
Оқу ісінің меңгерушісі: Тлепова Ш.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп

Мектепалды «В» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09—08.09.2023 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 04.09.2023	Сейсенбі 05.09.2023	Сәрсенбі 06.09.2023	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. «Біз әйбат баламыз» Мақсаты: отбасы мүшелерін атау, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға үйрету, туыстық қарым- қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. (қарым – қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті сауат ашу негіздері)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. Өнұран айту. Таңертеңгі жаттығу «Қайырлы таң қолым» алақанды сипаймыз. «Оянамыз көздерім!» - шапалақтаймыз. (Дене шынықтыру**)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. Әңгімелесу: «Мектепке келе жатырғанда не көрдің?» Мақсаты: баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі***)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. «Оң және сол» ойыны. Ойынның мақсаты: үлкен және кіші заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. «Көңілді қояндар» ән- ойын жаттығуы. (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет-математика негіздері, музыка****)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. «Ине мен жіп» ойыны. Мақсаты: Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына орай жаттығу. Жүргізуші: Мен ине боламын, ал сендер жіпсіңдер. Сендер менің артымнан бір-бірлеріңнің белдеріңнен ұстап тұрыңдар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады. (Дене шынықтыру**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер.	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың күнделікті үйдегі еңбекке араласуы, қызықты сәттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке)	Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Мектепте сыныптағы күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіру.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Баяу қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету, жарыса қол көтеріп ойнауға бейімдеу. (Дене шынықтыру**)	«Тәрбиеші апайлар» Эн салғызып, билетіп, ылғи бізбен жүреді. Тақпақты да үйретіп, Ойната да біледі. Қызық-қызық ертектер Біздерге оқып береді. Жылауық та, тентек те Сол апайға көнеді Кішкентаймыз әлі біз, Үлкендерге сенеміз. Бұл тәтені бәріміз Сыйлап, жақсы көреміз. (Қарым- қатынас іс –әрекеті-сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***)	Үстел-үсті ойыны: «Әдемі үйшік» Мақсаты:Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеуге баулу. Балаларға өз еріктерімен үйшікті құрастыруға үйрету, Тақырыбы: «Пойыз» Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау физикалық үйлесімді дамыту. (Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті-құрастыру, дене шынықтыру**)	Баяу қимылды ойын:«Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.Бір сызыққа қойылған кедергілердің арасымен жүруді үйрету. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап, бір бала қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян - ау, ақ қоян Орныңнан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетінді жусаңшы Әй - әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзсеңші - дегенде қоян болған бала қимылды істеп, жүгіріп шеңберді бұзады. . (Дене шынықтыру**)	«Жалпы атауын ата» ойыны. Мақсаты:Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу. (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айы (I – II апта) 1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; 2 Тізені жоғары көтеріп жүру; 3 Тепе-теңдікті сақтау: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; 4 Қатармен бір-бірден тізені жоғары көтеріп жүгіру; 5 Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою; 6 Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру; 7 Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею; 8 Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет); 9 Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); 10 Жұбымен шеңбер бойымен жүру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (Қазақ тілі***, музыка**)	Қазақ музыка өнерінің шығармаларынан ән тыңдату. (Музыка****)	Тосын сәт: Есік қағу «Сандықша» әкелу. Балалар мына сандықтың ішінде не бар екен ?. Бұл сандықтың ішінде үлкен ватман қағаздан қиылған қиындыдан күн суретін топпен құрастыру. Бүгінгі күнге сәттілік тілеу. «Көңілді күн» әніне билеу. (Музыка**)	«Бала, бала балапан» Бала, бала балапан Қане қайсы алақан, Саусақтарың айбат, Былай-былай ойнат Бір қадам алға басамыз, Алақанмен соқ-соқ,соқ Бір қадам артқа басамыз, Аяқпенен топ-топ-топ (Қарым- қатынас іс –әрекеті-көркем әдебиет)	«Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-математика негіздері)

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту «Кел танысайық » ойыны Мақсаты: Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларына үйрету,бір-бірімен танысып,әңгіме құрай алу дағдысын меңгерту, жылы сөздерін арнап, жүрекше ұсыну.. Математика негіздері «Мен мектепке дайынмын» ойыны Мақсаты:Балаларға танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектепке қажетті құралдармен таныстыру, аттарын атап айтқызу, жасырын қораптың ішінен мамандық иелеріне қатысты құралдардың арасынан оқу құралдарын тауып атау . Қоршаған ортамен таныстыру «Табиғатты аяла!» ойыны. Мақсат: Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу, жанды табиғатқа керекті жағдайларды сәйкестендіріп үйрену.	Математика негіздері «Мектепке саяхат жасаймыз» ойыны Мақсаты:Танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектептің ішімен таныстыру. Көркем әдебиет «Лото ойыны » ойыны. Мақсаты: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру; Сауат ашу негіздері «Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық ойыны Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулуды қалыптастыру, күн, түн, көзілдірік, ғарышкер т.б. сөздерді айтқан балалар кезекпен топқа бөлініп тұруын үйрету. Музыка «Көңілді -мұнды» ойыны Мақсаты: Балалардың өнер шығармаларын	Сауат ашу негіздері «Сөз жарысы» ойыны Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулды қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру «Сурет құрастыру» ойыны. Мақсат: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу; Қазақ тілі «Аудармашы» ойыны Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытып,ойын барысында бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдік қорларын дамыту. Дене шынықтыру «Денсаулықтың құпиялары» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру,сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру;	Математика негіздері «Мектепке саяхат жасаймыз» ойыны Мақсаты:Танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға деген ынтасын арттыру,мектептің ішімен таныстыруды жалғастыру Сөйлеуді дамыту «Адал дос» Мақсаты: Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға,достық қарым - қатынас орнатып диоглог жүргізуге үйрету. Көркем әдебиет «Сықырлы сөз» ойыны. Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну; Музыка «Үнінен таны» ойыны. Мақсаты: музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру Тәрбиеші аспаптардың бірінен музикалық әуенді тыңдатады.Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды.	Сауат ашу негіздері «Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық ойыны Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктерін, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулды қалыптастыру. Қазақ тілі «Кім көп біледі?» дидактикалық ойыны Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытып,ойын барысында бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдік қорларын дамыту. Мүсіндеу «Пішіндер» ойыны Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу, әртүрлі геометриялық пішіндерді мүсіндеп үйрету; Дене шынықтыру «Денсаулықтың құпиялары» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру,сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің
---	--	--	--	---	---

	Дене шынықтыру «Спортзалда ойнаймыз» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;	эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру, тәрбишінің жіберген түрлі әуендерінен сәйкес карточканы көтереді. (мұнды қоян, мұнды ит, көңілді құлыншақ, көңілді тиін)			артынан сапқа тұру;
Серуенге дайындық	Балаларды реттілікпен киінуге дағыландыру. Серуенге қызығушылықты арттыру, топтық ережелерді қайталау Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
Серуен	Ауа райын бақылау Мақсаты: тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру Бақылау барысы Қ ы р к ү й е к – күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы болса тәулік ішінде бірден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқынырақ болып барады. Балалардың байқағыштықтарын дамыту, сөз белсенділігін арттыру. Жұмбақ, тақпақ Санай бер, Қарай бер, Бояуы – жүз, Келді күз Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз)	Өрмекшіні бақылау Мақсаты: Қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады, өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдері дамып, айнала қоршаған ортаға қызығушылықтары артады. Бақылау барысы Жұмбақ жасыру Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге Аспалы торлар құрады. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары: Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді) Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.) Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (желмен,	Күннің ұзақтығын бақылау Мақсаты:табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын дамыту. Күннің ұзақтығы туралы мағлұмат алып, балалардың ойлау қабілеттерін артып ,тіл мәдениеті молаяды. Бақылау барысы: Жұмбақ жасыру: Бұлттар төніп, жерге төгіліп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, өңі тайып, Дала нұры қашады. Ойнай алмай, Денең мұздап тонады. (Күз) Күз айында күн неге қысқа екенін тәрбиеші балалармен бірге бақылайды.Сендер жазда үйде не істедіңдер?(қыдырдық) Ал қазір..?(қыдырмаймыз, өйткені далада күн қараңғы қорқынышты және суық). Себебі, жазға қарағанда күн қысқарды.	Құмырысқаларды бақылау Мақсаты: жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыра білуді үйрету. Құмырсқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлерімен танысып, жәндіктердің тіршілігіне қызығушылықтары артады. Бақылау барысы Жұмбақ жасыру Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. (Құмырсқа) Құмырысқалардың бір уақыттары азайып қалатынына көңіл аудару, олар жылуды сақтау үшін илеулеріне терең бойлай тығылады да кірер бетін жауып алады. Сонымен қатар, күзде олар ұзақ мезгіл – қысқа дайындалатынын жете түсіндіру. Құмырсқаның үйі неге «илеу» деп аталатынын түсіндіреді. Біреуі илеу салады, бірі илеуге кіріп – шығатын жол салады, азық тасиды)Қалай ойлайсындар, құмырсқалар жалғыз тұра ма, әлде топтанып	Гүл егілген гүлзарды бақылау Мақсаты: өсімдіктерге күтім жасау әдістерін үйрету, өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру. Бақылау барысы Жұмбақ жасыру Адамдардың бәрі қызығады, Ұстай берсең сәні бұзылады. (Гүл) Балаларға сұрақтар: Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады? Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек? Қандай гүлдер күзде гүлдейді? Зерттеу қызметі: Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау. Табиғаттағы еңбек Гүлзардағы гүлдің дәнін жинау Мақсаты: еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіру, өз күші мен

	Табиғаттағы еңбек Аланды қоқыстан тазарту Мақсаты: еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіру, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру. мектеп ауласындағы қоқыстарды жинау. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту. Ойынды ұйымдастыруда белсенділік танытады,жылдамдық, күш,шыдамдылық,ептілік терін көрсетеді. Жеке баламен жұмыс Сөздік ойын «Ауа райы туралы айтып бер» Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.) Еркін ойын Мақсаты: балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.) Өрмекшілер жыртқыштар ма? (Иә, олар басқа жәндіктерді жейді) Табиғаттағы еңбек Ауладағы гүлдерді суару Мақсаты: еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысу. Қимылды ойын: «Жүгір де ұста!» Мақсаты: балалар ептілік танытады,лақтырған допты ұстап алады. Ойын шарты: тәрбиеші қолына үлкен әрі әдемі допты алып, баланың алдында 1,5 арақашықтықта тұру қажет.Допты жоғары лақтырып қағып алады да,тәрбиеші бірнеше қадам артқа жүреді де былай дейді: «бір лақтырдым,екі лақтырдым,үш лақтырдым – жүгіріп де қағып ал!».Бала жүгіріп келіп допты ұстап алуға тырысады,бірақ тәрбиеші допты өзі қағып алады да былай дейді: «ұстай алмадың-кері қарай жүгір!».Бала өз орнына қайтып келеді.Ойын 2-3 рет қайталанады да, тәрбиеші балаға допты қағып алуына мүмкіндік береді. Бала шеңбер бойымен допты басынан асыра ұстап жүреді. Жеке баламен жұмыс	Табиғаттағы еңбек Алаңнан ұсақ тастарды жинау. Мақсаты: өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратып үйрету. Қимылды ойын:«Ұшты - ұшты» Мақсаты: балалар ұшатын,ұшпайтын заттар түрлерін ажыратады. Ойын шарты: Ойын бастаушы ұша алатын затты атап, ұшты деп қолын көтереді, сонда бәрі тез қолдарын көтеріп «ұшты-ұшты» деп қолдарын көтеріп қалықтап тұрады. Ал ұша алмайтын затты атап «ұшты» деп қолды көтергенде, онда сендер «ұшпайсыңдар». Ал егер ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы тақпақ айтып береді. Жеке баламен жұмыс Тақпақ: Күз. Қыс-құнар береді, Көктем-дән себеді. Жаз-бастап өсірсе, Күз-жинап береді. Еркін ойын Мақсаты: балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін орынды жабдықтау, өз еркімен ойынды таңдап ойнауын қадағалау.	па? Құмырсқа қысқа азық жинай ма? - Құмырсқаның илеуін бақылап, жауынның жауатынын қалай білуге болады? Табиғаттағы еңбек Аула сыпырушының еңбегі Мақсаты: аула сыпырушының еңбегімен танысу,мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру. Қимылды ойын:«Шар жарылды» Мақсаты: Мұрын арқылы тыныс алуды , еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту.(демнің дұрыс шығуын қадағалау). Ойын шарты: балалар жарты шеңберге отырады.Жүргізуші шарды үрлеуді ұсынады.Балалар шарды үрлеуі тиіс: қолдарын екі жаққа жайып және мұрын арқылы терең тыныстау, Демді ауыз арқылы шарға «ффф...» деп жібереді, шар астындағы алақандарын беттестіру. Кейін жүргізушінің шапалақ ұру бойынша шар жарылады-балалар алақандарын соғады.Шардан дыбыс шығады:балалар «шшш...»деп дыбыстайды, еріндерін алшақтатып және қолдарын тізеге қояды. Шарды 2-5 рет үрлейді.Кім ең жақсы үрледі, соған суреттер сыйға тартады.Жүргізуші демнің терең болуын, ал ойын кезінде балада ешқандай төтенше кері әсер болмауын бақылайды.	мүмкіндіктеріне сенім қалыптастыру. Қимылды ойын: «Тым - тырақай» Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке дағдыланады. Ойын шарты: Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен: Ал, кәнеки балалар, Бір, екі, үш-деп санандар Бір, екі, үш— Ал тараңдар-деп Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. Жеке баламен жұмыс Кешкілік пе, күндіз бе, Өсіп тұрған гүлді үзбе. Туған жерді далаға, Тастай алмай жүрміз бе? Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма? Бірде бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. Еркін ойын Мақсаты: қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
--	---	---	--	---	--

		Өрмекші алмай тынымды, Күні бойы болдырып. Ұстауға ұшқан шыбынды, Тастады бір тор құрып. Еркін ойын Мақсаты: қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.		Ресурс: суреттер Жеке баламен жұмыс О, құмырсқа, құмырсқа, Шебер-ақсың жұмысқа Азық жинап қуысқа, Қол жаймайсың «туысқа» Еркін ойын Мақсаты: ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады.	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен сыныпқа оралуы. Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дербес ойын:«Қуыршақты тамақтандыр». Мақсаты: балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, балалардың түрлі әрекеттерінде бір- бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, қуыршаққа беретін тамақтардың түрін ермексизден мүсіндеп көрсету. (шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті -мүсіндеу)	Танымдық-қимылды ойын:«Аңдар жүрісі» Мақсаты:табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту. Балалар аңдардың жүрісін салады, аңдар мен құстардың іздерінің суреттерін инетрактивті тактадан карап жапсыру. (Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті -жапсыру, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)	«Күзгі орман» ойыны Мақсаты:Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Күзгі орманның суретіне аңдар мен ағаштарды тауып, тақтаға жапсыру.Аттарын атап, буынға бөлу.Әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті- танымдық, іс-әрекет- сауат ашу негіздері)	«Аспазшы» үстел үсті ойыны. Мақсаты: балалар аспазшы мамандығы туралы түсіндіре алады, үстел үстіндегі араласқан тағамдар суреті мен аспазшының ас пісіретін құралдарын тақтаға жапсыру. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстары келетін сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. (Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті - жапсыру, қазақ тілі***)	Дербес ойын:«Мозайка» Мақсаты:балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. Мозаика бөліктеріндегі суреттердегі жануарлардың даусын салып, әріптерді дұрыс айтуға жаттығады. Қарға қарқ, қарқ Айдаһар һа, һа Бұзау мө, мө т.б. (қазақ тілі***, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? Абай Ибрахим ге алма, қарбыз, күшік, мысық суреттерін көрсете отырып,	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? Абай Ибрахимге алма, қарбыз, күшік, мысық суреттерін көрсете отырып,	құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындауы?	құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, олардың өтініштерін орындауы? Сапарбек Амирхан «Сиқырлы пішіндер» дидактикалық	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? Абай Ибрахимге алма, қарбыз, күшік, мысық, гүл, кітап, орындық суреттерін көрсете отырып, қандай

	қандай дыбыстардан тұратынын үйрету.	қандай дыбыстардан тұратынын үйрету.	Сапарбек Ибрахим балалармен бірге топтық жұмысқа қатысып, бірлесе тапсырманы орындауға жаттықты.	ойынында балалармен бірге сызбамен сәйкестендіріп, пішіндердің түсіне қарай бөлініп, жұп болып ойынға қатысты. Ахметжан ашылып, балалармен әңгімелесіп, ортаға қосылды.	дыбыстардан тұратынын үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың мектепке бейімделуі жайында сұхбат.	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу.	Үйде балаларының кітапшалары бар ма? Пікірлесу.	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.

Бекітемін: 

Оқу ісінің меңгерушісі: .Тлепова Ш.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп

Мектепалды «В» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09—15.09.2023 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Мектепке саяхат Сюжеттік ойын: «Менің мектебім» Мақсаты: өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді танып, білуге ықпал ету. Балаларға мектеп туралы түсінік беру, олардың үлкенді сыйлауға үйрету, қызметкерлердің жұмысымен таныстыру. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Әнұран айту «Көңілді текшелер» ойыны. Мақсаты: текшенің алты бұрышында орналасқан табиғат құбылысына байланысты суреттерді қарап, қай мезгілде болатын өзгерістер екенін айтып түсінеді. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)	Әнұран. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: денешынықтырудың әр түрлі нысандарында шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту. Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру. Стақандардың санын білу, оң бағытқа, сол бағытқа орналастырғанын анықтау. (Дене шынықтыру**, музыка****)	Сөздік ойын «Жаңылтпаш» Мақсаты: заттарды сипаттауға, қарым қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану. Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру. Сөйлеу тілін дамыту. (Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. «Табиғат неткен көрікті» ән әуеніне қарай билету. Мақсаты: табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән белгілерін бақылау, талдау. Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру, музыка****)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме Ата- аналарға балаларын жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінімізді сездіру.	Ата-аналармен әңгіме Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Ата –аналармен әңгіме «Дұрыс тамақтануға баулу» Үйдегі тамақтануы, телефонды қаншалықты ұстайтыны, үйде белгілі күн тәртібімен жүруін бақылауға алуына кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	«Мен білетін жақсы сөздер. Сөз» ойын жаттығуы. Мақсаты: Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің	«Мен шымыр боламын» ойыны. Мақсаты: дене шынықтыруға баулу, дененің	«Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын» үстел үсті ойыны. Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және	«Біз – өнерлі баламыз. Сөйлем түрлері» ойыны. Мақсаты: Сөйлемдерді интонация бойынша	Үстел үсті ойыны: «Домино» Мақсаты: Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	мағынасын түсіну. Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, жануарлар бейнесіндегі сызықтарды толтыру., әріп элементтерін жазу.Музыка әуенімен әнге қосылып шырқау. (қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет- сауат ашу негіздері, музыка****)	күшін, жылдамдығын, шыдамдылық, икемділігін дамыту. (Дене шынықтыру**)	орналасу ретін анықтау. Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, 8 әріп элементтерін жазу. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет- сауат ашу негіздері)	ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану. (қазақ тілі***)	қолдануға көмектесу. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Домино ойынында қарсы мағыналы заттардың суретін қойып орналастыру. Сөздердің атауларын білу, сөйлем құрату. (Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айы (III – IV апта) 1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; 2 Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; 3 Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; 4 Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру; 5 Заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; 6 Бір орында тұрып, алға қарай 3—4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру; 7 Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу; 8 Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер Біз бақытты баламыз, Оқып білім аламыз, Әріптерді үйреніп, Білімді бала боламыз. Қимылды ойын: «Сапқа тұр» (Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет, дене шынықтыру**)	Шаттық шеңбері: Нұрға бөлеп өмірді, Жырға бөлеп көңілді, Жарқыраған сәулелі Күз әуені төгілді. (Қарым- қатынас іс –әрекеті- көркем әдебиет)	Отбасы мүшелерін атау. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. «Сиқыршы бір тілегінді орындайтын болса, сен отбасыңа не тілер едің?» (Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)	«Ойыншықтар» әні Мақсаты: Өнді бірге қосылып айтып, би қимылдарын жасау. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Өмір беріп бұйырсақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқаныңнан шықпайды. Ал,қозы мен қуыршақ, Ұйықта десек ұқпайды (Музыка****, дене шынықтыру**)	«Не артық?» Мақсаты: Балаларға танымдық, зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту. Суретте көрсетілген артық суретті тауып, дәрігерге керекті заттардың суретін атау. (Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту «Мектептегі алғашқы күн» Мақсаты: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Математика негіздері «Сиқырлы пішіндер» ойыны	Математика негіздері «Не өзгерді?» ойыны Мақсаты: Геометриялық фигураларды (шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге үйрету,геометриялық пішінді көру және сипап-сезу арқылы зерттеу,есте сақтау арқылы жоғалған пішінді табуды үйрету.	Сауат ашу негіздері «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.	Математика негіздері «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Мақсаты: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге үйрету, кез- келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттауды үйрету.	Сауат ашу негіздері «Сөз ойла» ойыны Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру. Қазақ тілі «Менің сүйікті

	Мақсаты: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру «Отбасына сыйлықтар» ойыны. Мақсат: Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу; Дене шынықтыру «Күлкі сыйла» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Жүру:сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;	Көркем әдебиет «Сөзді аяқта» ойыны. Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Сауат ашу негіздері «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру. Музыка «Музыкалық сағат» ойыны Мақсаты: Музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;	Қоршаған ортамен таныстыру «Менің анам қандай?» ойыны. Мақсаты: Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу; Қазақ тілі «Менің ойыншықтарым» ойыны Мақсаты:Тілдік және артикуляциялық жаттығуды, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту арқылы білімдерін жетілдеру. Дене шынықтыру «Біз күшті ержүрекпіз» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Жүру:сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;	Сөйлеуді дамыту «Дыбысты дұрыс айтамыз» ойыны Мақсаты: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Көркем әдебиет «Кім кімнен кейін?» ойыны Мақсаты: Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен кітапқа деген қызығушылығын дамыту; Музыка «Көңілді паровоз» ойыны Мақсаты: Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру;	ойыншығым» дидактикалық ойыны Мақсаты:Тілдік және артикуляциялық жаттығуды жасау арқылы, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту арқылы,ойн-тапсырма негізінде білімдерін жетілдеру. Жапсыру «Қателесіп қалма!» ойыны. Мақсаты: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан жапсыру. Дене шынықтыру «Мен ойнағанды жақсы көремін » қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Жүру:сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Балалардан бүгінгі ауа райы туралы әңгімелетіп, ойларын айтуын бақылау.				
Серуен	Бұлтты бақылау Мақсаты: Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту.Бұлттар қозғалысының жел күшімен байланысын айтуды үйренеді.	Жаңбырды бақылау Мақсаты: Қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу, табиғаттағы маусымдық өзгерістерді есте сақтайды.	Ауа райын бақылау Мақсаты: Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау. Табиғаттағы күзгі	Аспанды бақылау Мақсаты: Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау. Табиғаттың күзгі	Желді бақылау Мақсаты: Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты қалыптастыру. Желдің күшін анықтауды үйренеді, өлі табиғат

	Бақылау барысы: Жұмбақ жасыру: Аспанға ұшар бу болып, Жерге қайтар су болып(Бұлт) Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжитынын түсіндіру. Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттар ақырын жүйткіді. Табиғаттағы еңбек: Өз өзіне қызмет ету, еңбек етуде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру. Серуен соңында ойыншықтарды жинау. Қимылды ойын: «Сақина салу» Мақсаты: балалар байқайды, жылдам және ұжыммен тату, қарым-қатынасты жасай алады. Ойын шарты: балалар дөңгеленіп екі-екіден қатарласып отырады. Ойын бастаушы бала ортаға шығады, оның қолында сақинасы болуға тиіс. Ол сол сақинаны бір шеттен бастап қолдан-қолға жүгіртіп, отырғандардың біреуінің алақанына салуы керек. Алақанына сақина түскен бала мұны жанындағы көршісіне сездірмейді. Осыдан кейін ойын бастаушы ортаға шығып, Алтын сақинам жоғалды, Алыстан ешкім келген жоқ	Бақылау барысы: Жұмбақ жасыру: 1) Тырс - тырс тамады, Сайға қарай ағады. (жаңбыр) 2) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жаңбыр, найзағай) Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық). Жаңбырдан кейін күн салқындайтынын, шалшықтар ақырын кеуіп кетінін атап айту. Табиғаттағы еңбек: Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау. Мақсаты: Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: табиғат құбылыстарын біледі, атай алады(күн,жаңбыр). Ойын шарты: Бір бала күн, екінші бала жаңбыр болады. Күн болып тұрған бала «Күн» деп орнынан тұрғанда балалар жүгіреді, ойнайды. «Жаңбыр» деп екінші бала орнынан тұрғанда барлық бала бастарын жасырып	өзгерістер туралы балалардың білімдері қалыптасады. Бақылау барысы: Қ ы р к ү й е к – күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы болса тәулік ішінде бірден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқынырақ болып барады. Балалардың байқағыштықтарын дамыту, сөз белсенділігін арттыру. Жұмбақ таппақ Санай бер, Қарай бер, Бояуы – жүз, Келді күз Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Табиғаттағы еңбек: Аланды қоқыстан тазарту. Мақсаты: Өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. Қимылды ойын: «Қарлығаш» Ойын мақсаты: балалардың бойындағы ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Балалар бір жерді меже етіп белгілейді. Кезегін бірінші алған топ аулағырақ барып жасырынады. Екінші топ оларды іздеп келе жатып,	құбылыстары жайлы балалардың ұғымы кеңиді, балалардың сөздік қоры дамиды. Бақылау барысы: Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Аспан, аспан күмбезі – бақылаушыға киіз үйдің төбесі сияқты болып көрінетін күмбез. Күн, Ай, жұлдыздар, т.б. аспан шырақтары бізден өте қашықта болғандықтан, олардың ара қашықтығының айырмашылығы бізге сезілмейді. Ауа қабаты көгілдір, көк, күлгін сәулелерді күштірек шашырататындықтан аспан күмбезі көк түсті болып келеді. Жұмбақ жасыру: 1)Бір түкті кілем, Бірі түксіз кілем. /Аспан,жер/. 2) Тең, тең,тең киіз, Екі ортасы кең киіз. (Аспан, Жер) Табиғаттағы еңбек: Құрғақ жапырақ жинайық. Мақсаты: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу, тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау.	туралы білімдері қалыптасады. Бақылау барысы: Жұмбақ: Аяғы жоқ ұшады, Аузы жоқ ән салады. Кездескен жеңіл нәрсені Аспанға ұшырады (жел) Сұрақтар: ♦ Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.) ♦ Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?(күшті және әлсіз) ♦ Күшті желдер қалай аталады? (дауыл, құйын.) ♦ Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай? Зерттеу жұмысы: Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан) Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.) Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? (компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.) Табиғаттағы еңбек: Аланды сыпырып тазалау. Мақсаты: Шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру.
--	--	---	---	--	---

	Жоғалғанда кім алды Осы топтан бірі алды-дейді. Сонда сақинасы бар бала көршісіне білдірмей орнынан шапшаң тұруы керек. Егер ол тұра алмай көршісіне өзін ұстатып қойса, айып төлейді. Жеке баламен жұмыс: Ақсың, сұрсың қарасың Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	тығылады. Ойын осылай жалғаса береді. Жеке баламен жұмыс: Жау, жау, жаңбыр, Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер көп болсын! Жауған жерің шөп болсын! Мақал: Жаңбырмен жер көгерер, Батамен ел көгерер. Еркін ойын: Мақсаты: Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады.	«Қарлығаш орныңнан тұра қаш» деп үздіксіз дауыстайды. Олар жақындап қалғанда жасырынған топтың балалары межеге қарай жүгіреді. Іздеген топ жасырынған топтың ойыншыларының біреуін ұстап алса, онда қашушылар қуушыларды межеге дейін арқалап апаратын болған. Ойыншылар арасында қыз балалар болса, айып орнына өлең айтып, би билейтін болған. Жеке баламен жұмыс: Сөздік ойын «Ауа райы туралы айтып бер» Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.) Еркін ойын. Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.	Учаскедегі құрғақ жапырақтарды жинау, оларды шаруашылық аулаға шығару. Қимылды ойын: «Тату - тәтті отбасы» Мақсаты: Балалар отбасы деген түсінікке ие(оларды атайды,суреттен таба алады,әңгімелейді)тәрбие шінің берген белгісіне орай бірігеді. Отбасы мүшелерін дұрыс атайды. Ойын шарты: Алаңда әсем әуен ырғағымен жеңіл билеп жүреді. Тәрбиеші әуенді тоқтатып, хабарлама жасайды: «Тату-тәтті жанұяда» 3 адам тұрады. Балалар үштен, екіден, төрттен бірігеді.Жанұяда кімдер тұрады?. Ойын осылайша жалғаса береді. Жеке баламен жұмыс: Таза ауада сурет бояуға қызығушылығын тудыру. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балалар топпен ұйымшыл болып ойнай алады. Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады, ал бір бала ортада «Қоян» болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ қоян Ұйқыдан тұрсаңшы Бетінді жусаңшы Шашынды тарасаңшы. Әй-әй көйлек киеңші Біреудің қолын үзсенші-дегенде, қоян болған бала тақпақтағы қимылды түгел істеп, өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердің оң жағындағы бала «қоян» болады. Жеке баламен жұмыс:Мақал: Жел дауылды шақырады, Бұлт жауынды шақырады. Еркін ойын: Мақсаты: Ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады.
--	--	---	---	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты орналастыруын қадағалау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Менің үйім» Мақсаты: Өз үйлері туралы әңгімелету, ана тіліндегі айтылуы, дыбысталуы ұқсас дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Үйлердің үлгісін қарай отырып, өзіне ұнаған үйдің үлгісін бояу. (Қазақ тілі***, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)	«Үй жануарлары» Ойын мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Балаларға әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға, толық жауап беруге үйрету. Ойын шарты: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың төлдерімен құрастыру, олар туралы мейірімді сөздер айту. Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.) Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.) Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.) (Қазақ тілі***, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру)	Табиғи материалдармен жұмыс: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екенін бақылау. Асқабақ дәнінен түймедақ гүлін жасау. Асқабақ өсімдігінің пайдасы туралы түсіндіру. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру)	Баяу қимылды ойын: «Сипап сезу арқылы санау» Мақсаты: 5 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Құрастырғыштард ан пішін құрастырып, қол моторикасын дамыту. Ойын шарты: Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы қойылады, сол санды атап, екі орамалдың астындағы затты салыстыру керек. Ойын барысында басқа балалар «5» санын құрастырады. (Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері, шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу)	Саусақ жаттығуы. Мақсаты: Санамақ айтып жаттығу, отбасы мүшелерін құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу. Туыстық атауларды білдіретін сөздерді айтқанда допты досына лақтырып,өлең жолдарын тез жаттауға бейімдеу. Отбасы туралы санамақты айтайық. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек - анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. (Қазақ тілі***, дене шынықтыру**)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту «Көкөніс пен жемісті ажырат» ойыны Мақсаты: балаларға алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту. Математика негіздері «Не өзгерді?» ойыны Мақсаты: балаларға заттарды беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттардың арасынан сәйкес келмейтін затты бөліп алуды үйрету; Қоршаған ортамен таныстыру «Қандай белгі, тауып көр» ойыны Мақсаты: Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау; Жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру («Автобус», «Жаяу жүргіншілер жолы аялдамасы»); Дене шынықтыру «Доппен ойнап, көңіліңді көтер» ойыны Мақсаты: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты	Математика негіздері «Соншасын ал» ойыны Мақсаты: балаларға заттарды салыстыру, беттестіру, тұстастыру тәсілдері бойынша заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша затты бөліп алуды үйрету; Көркем әдебиет «Сиқырлы сөз» ойыны. Мақсат: Тілдің көркемдігін сезіну шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау; Сауат ашу негіздері «Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды үйретуді жалғастыру; Музыка «Көлеңке» ойыны. Мақсаты: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;	Сауат ашу негіздері «Қай дыбыс қайтalandы?» ойыны Мақсаты: Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды үйретуді жалғастыру; Қоршаған ортамен таныстыру «Доппен үрлегіштер» ойыны Мақсаты: Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау; Жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру («Автобус», «Жаяу жүргіншілер жолы аялдамасы»); Қазақ тілі «Кім білгіш?» Мақсаты: балаларды қазақ тіліндегі ә, ө, ү, ұ, і, дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Дене шынықтыру «Доппен ойнап, көңіліңді көтер» ойыны Мақсаты: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты	Математика негіздері «Түсі бойынша орналастыр» Мақсаты: заттарды салыстыру, беттестіру және жұппен салыстыру, түстері бойынша орналастыру тәсілдерін үйрету; Сөйлеуді дамыту «Кім білгіш?» ойыны Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы), дыбыстарының дұрыс айтылу артикуляциялық жаттығулар жасауды үйрету; Көркем әдебиет «Гүлді дөңгелектер » ойыны. Мақсат: Тілдің көркемдігін сезіну шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау; Музыка «Үлкен -кішкентай» ойыны. Мақсаты: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;	Сауат ашу негіздері «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны Мақсаты: Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды үйретуді жалғастыру; Қазақ тілі «Берілген дыбысқа сөз ойла» ойыны. Мақсаты: балаларды қазақ тіліндегі ә, ө, ү, ұ, і, дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Құрастыру" «Геометриялық фигуралар» дидактикалық ойын. Мақсаты: Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру; алдымен фигураны дәл келтіріп жапсыру, содан кейін оны басқаларға бөліп беруді ұсыну, таңдаған түс атауын сұрау; Дене шынықтыру «Біз әртүрліміз» ойыны Мақсаты: Таныс дене жаттығуларын музыка

	орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру;		орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру;		әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру;
Серуенге дайындық	Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін ітермей жүруді үйрету. Сыныпта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Серуен	Күн — жылуы мен жарық көзі Мақсаты: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен тақуінің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптасып, ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамиды; Бақылау барысы Психологиялық жаттығу: «Күншуақ» Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлап, күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезінеді. Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуаныш қол соғамыз. Сұрақтар: Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?	Гүлзарды бақылау Мақсаты: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату, табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктері қалыптасып, гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтайды (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр). Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтары: Қазір жылдың қай мезгілі? Күзде өсімдіктер қандай өзгерістерге ұшырайды? Мына гүлзардан не көріп тұрсындар? Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады? Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек? Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі? Гүлдерді жұлға бола ма? Табиғаттағы еңбек: Гүлзарлар айналасын тазалау.	Желді бақылау Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін дамыту. Балалар желдің неліктен соғатынын түсінеді. Бақылау барысы: Жұмбақ жасыру: 1)Қол - аяғы жоқ болса да, Қақпа есікті аша алған. /Жел/. 2)Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады (Жел) Жел – бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету (күшті, әлсіз; әлсіз жел жапырақты ақырын тербетеді, түсіп жатқан жапырақты сәл ғана жылжытады; күшті жел – ірі бұтақтарды шайқалтады, ағаштардың жапырақтарын жұлады). Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын тәрбиелеу, балалардың ақыл - ой, тіл белсенділігін	Шөптерді бақылау Мақсаты: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату. Балалар салқын түскен соң шөптердің солатынын түсініп, өсімдіктердің құрылыстары туралы білімдері бекиді. Бақылау барысы: Жұмбақ: Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) Біржылдық өсімдіктердің сабақтары мен түбірлері қурап қалады, тек келесі жылға ұрықтандыратын тұқымы қалады. Көпжылдық өсімдіктер жер бетінде қурайды, өмірлері жер астында сақталады, түбірінде, түйнектерінде, бастарында. Ырым: Егер де қурай биік өссе – қыс қарлы болады. Табиғаттағы еңбек: Алаңдағы өсімдіктердің арамшөптерін жұлып, жинау.	Жүк көліктерін бақылау Мақсаты: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, жүк көліктерін ажырата біліп, олардың қолданылатын орындарын айыра білуді үйренеді. Бақылау барысы: Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар. Машиналар түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді. Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарады, әртүрлі жүктерді тиісті жеріне апарады, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі. Балаларға сұрақтар:

	Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жәккә жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді. Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз. Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің? Күнге тура қарауға бола ма, көзін ауырмай ма? Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. Табиғаттағы еңбек: Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қимылды ойын: «Қарағайлы ормандағы аю» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиеленеді.	Мақсаты: Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Зерттеу жұмысы: Гүлдерді салыстыру (гүлдердің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай). Қимылды ойын: «Итеріспек» Мақсаты: бір аяқпен секіреді, жүгіреді. Ойын шарты: ойын көгалда өткізіледі. Үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады, егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені. ойын жалғаса береді. Жеке баламен жұмыс: Гүл өсірем үйде, Су құямын күнде. Гүл күткенді біледі, Бойын сылап күледі. Күнде гүлін ашады, Жұпарын маған шашады. Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.	дамыту. Қ о р ы т ы н д ы. Жел дегеніміз – кейде қатты, кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы. Тәжірибе: Шардың желін шығару. Табиғаттағы еңбек: Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру. Мақсаты: Табиғат бұрышындағы тірі табиғатқа күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу. Қимылды ойын: «Шарларды жина» Мақсаты: балалар шарлардың түсін, формасын ажыратады. Ойын шарты: Тәрбиеші жерге әртүрлі түсті шарларды жерге жібін таспен бастырып қойып, доппен ұрып дәл тигізу керек. Епті балалар жаруға болады. Жеке баламен жұмыс: Жел улейді у - у - у. Құйын келіп билейді зу - зу - зу Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу, Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду Еркін ойын: Мақсаты: Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады.	Мақсаты: Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Қимылды ойын: «Қуыспақ» Мақсаты: балалардың көңіл күйлері, қызығушылықтары оянады. Ойын шарты: ойын 2-3 баламен ойналады. Тәрбиеші топтағы ойыншықты қолданады. Ол ойыншықтың олармен ойнағысы келетінін айтады. Тәрбиеші балаларға сендерді қазір қуыршақ немесе қонжық қуады, сендер тығылыңдар деп айтады. Балалар тығылады. Ойыншық болса тауып алып балаларды құшақтап «Міне менің досымды таптым» деп өз сезімін білдіреді. Жеке баламен жұмыс: Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Еркін ойын: Мақсаты: Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады.	Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? (әртүрлі жүктерді тасу үшін.) Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? (жүк таситын көліктерге). Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? (жүк таситын ұшақтар, тікұшақтар, поездар, кемелер.) Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? (жасыл.) Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? (жүргізуші, шофер) Бағдаршамның неше түсі бар? (Үш: қызыл, сары, жасыл.) Адамдар бағдаршам жоқ жерден қалай өтеді? Табиғаттағы еңбек: Түскен жапырақтарды жинау. Мақсаты: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Т Қимылды ойын: «Трамвай» Мақсаты: Жол ережесін сақтап, шапшаңдыққа баулиды. Ойын шарты: Тәрбиешінің қолында үш түсті жалауша. Балалар бір-бірімен қол ұстасып,
--	--	--	--	--	---

	Ойын шарты: Алаңның бір жағына аюдың іңі сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші інде отырған аюды тандап алады. Тәрбиеші «балалар», серуендеуге барыңдар! –дегенде балалар үйден шығып орманға барады. Орманға жеткенде аю балаларды қуады. Аю кімге жетсе, сол ұсталған болады. Жеке баламен жұмыс: Мақал: Күн сіркіресе, Көк дүркірейді. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.				екі-екіден трамвай болып жүреді. Тәрбиеші жасыл түсті жалаушаны көтереді, балалардың бәрі тәрбиешінің көтерген жалаушасына қарап, жүгіреді. Сары мен қызыл жалау көтерілсе тоқтайды, қашан жасыл жалауша көтерілгенше күтеді. Жеке баламен жұмыс: «Көліктерді ажырат» Ауа көлігі, жер көлігі, су көлігі, темір жол көлігі. Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимылды ойын «Қандай пішін?» Мақсаты: Заттарды пішіндермен сәйкестендіріп жарысу, жылдамдыққа үйрету (Дене шынықтыру**, музыка****)	«Қайтала» сіріңке шиімен ойын. Мақсаты: Күш, жылдамдық, икемділік, шыдамдылықты дамыту. Ойын барысы : Бұл ойынды балалар жұптарымен ойнайды. Әр балаға сіріңкенің 6 шиінен беріледі. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды.	«Есіңе сақта» ойыны. Мақсаты: ұлттық тағамдардың аттарын атап, танып үйрену. Ойын шарты: ұлттық тағамдардың атын атап таныған соң, доппен кезек кезек лақтырғанда үндемей қалмай тағам аттарын атау.(бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран)	«Бала, бала балапан» Бала, бала балапан Қане қайсы алақан, Саусақтарың айбат, Былай-былай ойнат Бір қадам алға басамыз, Алақанмен соқ-соқ,соқ Бір қадам артқа басамыз, Аяқпенен топ-топ-топ (Дене шынықтыру**, музыка****)	«Әуенді сағат» ойыны. Мақсаты: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру. Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат. Ойын барысы: Балаларға таныс әуенді ойнату, сағат тілімен әннің сөзіне сай бейнеленген суреттерге апару. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз»,

		(Дене шынықтыру**, музыка****)	(Қазақ тілі***)		«Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». (Музыка****)
Балалармен жеке жұмыс	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? Қурманбек Абилхаир «Добым, добым домалақ» ойынын ойнату. Доп суретіне жапсырылған суреттердің бірінші дыбысын атау, көрсету, дауысты, дауыссыз екенін ажыратып айту, мағынасын, неге қолданылатынын сұрау.	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуы? Қурманбек Абилхаир «Добым, добым домалақ» ойынын ойнату. Доп суретіне жапсырылған суреттердің бірінші дыбысын атау, көрсету, дауысты, дауыссыз екенін ажыратып айту, мағынасын, неге қолданылатынын сұрау. Нәтижесінде Төреғали дыбыстарды дұрыс айтып жаттыға бастады. Заттардың атауын біліп, анық айтып, маңызын да айталатын болды.	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? Ануарбек Акежан «Сан мен суретті сәйкестендір» ойынын ойнату. Санның қанша екенін анықтау үшін суреттегі заттарды санау, санға сәйкестендіру, өзі бос орынға санды көшіріп жазу.	таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы? Исаева Фатима «Мақтақыз бен мысық» ертегісі баяндалды. Таныс ертегінің мазмұны бойынша ертегі желісімен кездескен кейіпкерлерді орналастыру. Ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу.	таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы? Карамурзиева Жұлдызай «Мақтақыз бен мысық» ертегісі баяндалды. Таныс ертегінің мазмұны бойынша ертегі желісімен кездескен кейіпкерлерді орналастыру. Ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу.
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен серуен кезіндегі балаларды іс-әрекеттер туралы әңгімелесу.	Балаларға ертегі кейіпкерлерінің дайын суретін көрсетіп отырып айтып беруге кеңес беру.	Ата –аналармен серуен кезіндегі балаларды іс-әрекеттер туралы.	Балаларға ертегі кейіпкерлерінің дайын суретін көрсетіп отырып айтып беруге кеңес беру.	Ата –аналармен серуен кезіндегі балаларды іс-әрекеттер туралы әңгімелесу.

Бекітемін: 
Оқу ісінің меңгерушісі: Тлепова Ш.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «В» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10—26 - 27.10.2023 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 23.10.2023	Сәрсенбі 24.10.2023		Бейсенбі 26.10.2023	Жұма 27.10.2023
Балаларды қабылдау	Суретпен әңгіме Мақсаты:Қиынды суреттерден күздің бейнесін құрастырып әңгімелеу. Сөйлемдегі сөздердің мағынасы болатыны, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері)	Дидактикалық ойын: «Аралар ойыны» Мақсаты: Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ойынды жүргізуші көзін жұмады, балалар қолындағы затты белгіленген бір орынға жасырады. Жүргізушіге ызылдау арқылы бағыт беріп отырады. Дауысын аңығырақ шығарып ызылдаса –зат жақында, ақырын дауыстаса –алыста. Жасырылған затты тапқан бала мадақталады, кезек келесі балаға беріледі. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, қазақ тілі***)		«Ғажайып ертегі кейіпкері» сурет бояу. Мақсаты: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. «Ертегілер» әнін тыңдап, қосылып орындау. Мақсаты: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. (Шығармашылық іс- әрекет, бейнелеу іс- әрекеті-сурет салу, музыка****)	«Дәл осындай пішінді тап» ойыны. Мақсаты: Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымды дамыту. Ойын шарты:Дөңгелек, тіктөртбұйырш, сопақшаға ұқсас заттарды тауып, жинау. (Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы»әңгімелесу.	Әңгімелесу: «Балаңыздың сүйікті ойыншықтарын білесіз бе?»		Балаңыз қаншалықты уақыт бөлесіз? Қандай ертегі оқып бересіз?	«Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	«Ойлан да, аяқта» Мақсаты: Тілдің грамматикасын дұрыс	Үстел - үсті ойыны: «Ойлан тап!» Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары		Үстел үсті ойыны: «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды	Дидактикалық ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	сақтауын қалыптастыру сөздік қорын байыту. Ат шабады, ал қарға...(ұшады)Ит үреді, ал қарға...(қарқылдайды). Аталған жануарларды тауып, топпен орындап, жапсыру. (Қазақ тілі***, шығармашылық іс - әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-жапсыру)	туралы білімдерін кеңейту. «Балаларға жансыз табиғатқа жататын объектілер туралы түсініктерін бекіту, өздері қалағандары бұлт, тау, тас, Күн, Ай бейнесін мүсіндеп үйрену.Жанды, жансыз табиғатты салыстыра әңгімелету. Мүсіндеуде жеке бөліктерден мүсіндеу және негізгі бөліктен тұтас кесек жасауды үйрету. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық іс - әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу)		білдіретін зат есімдермен байыту.Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге баулу, әр мамандықтың құралдарының не үшін қолданатынын әңгімелету.. (Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)	бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату. Балаларды бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы,күтім жасау тәсілдері. Дайын үлгі бойынша гүлді бояп, досына сыйлау. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айы (ІҮ апта) 1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; 2 Қосалқы қадаммен алға қарай жүру; 3 Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; 4 Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; 5 Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу; 6 Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр); 7 Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру; 8 Қолды кезек жоғары-артқа көтеру; 9 Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Нұрға бөлеп өмірді, Жырға бөлеп көңілді, Жарқыраған сәулелі Күз әуені төгілді. Ән әуеніне қарай билеу. (Музыка****)	Шаттық шеңбері Біз бақытты баламыз, Оқып білім аламыз, Әріптерді үйреніп, Білімді бала боламыз. Ән әуеніне қарай билеу. (Музыка****)		Шаттық шеңбері Дөңгелекке тұрамыз, Шеңберді біз құрамыз Қол ұстасып бәріміз. Ақ тілекті жолдайық Әлемде нұр тыныштық, Әрбір үйде күн ыстық. Қайырлы таң мектебім Қайырлы таң достарым. (Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)	«Аяқпенен топ-топ-топ» Аяқпенен топ-топ-топ Ал қолыммен қоп-қоп-қоп Бір оңға, бір солға, Айналайық кел мұнда. Қолымызды бір сілтеп, Басымызды шайқайық. Бір оңға, бір солға, Ойнайықшы кел мұнда. Секіреміз жоғары, Қиын емес секіру. Бір оңға, бір солға, Секірейік кел мұнда.

					(Музыка****, дене шынықтыру**)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту «Жалпы атауын ата» ойын Мақсаты: балаларды өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге үйрету; Математика негіздері «Не өзгерді?» ойыны Мақсаты: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды, сипап- сезу арқылы жоғалған пішіндерді табуды үйрету; Қоршаған ортамен таныстыру «Қай сурет рәміздерде кездеседі?» ойыны Мақсаты: Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту; Дене шынықтыру «Зейінді боламыз» ойыны Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;	Математика негіздері «Не өзгерді?» ойыны Мақсаты: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды, сипап- сезу арқылы жоғалған пішіндерді табуды үйрету; Көркем әдебиет «Мен бастаймын, сен аяқта» ойыны. Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді дамыту; Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну; Сауат ашу негіздері «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны Мақсаты: Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды үйретуді жалғастыру; Музыка «Көлеңке» ойыны.	Математика негіздері «Не өзгерді?» ойыны Мақсаты: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды, сипап- сезу арқылы жоғалған пішіндерді табуды үйрету; Сөйлеуді дамыту «Жалпы атауын ата» ойын Мақсаты: балаларды өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге үйрету; Көркем әдебиет «Мен бастаймын, сен аяқта» ойыны. Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді дамыту; Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну; Музыка «До-ре -ми » ойыны. Мақсаты: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту; Әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету.	Сауат ашу негіздері «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны Мақсаты: Көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауға үйрету. Қазақ тілі «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Мақсаты: берілген сурет бойынша ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттап айтуға жаттықтыру. Сурет салу «Ғажайып кілемше» ойыны. Мақсаты: Бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Түрлі сызықтар мен ою-өрнектердің жалғасын есте сақтау Дене шынықтыру «Бірінші бол» ойыны	

		Мақсаты: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;			Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.				
Серуен	Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау Мақсаты: Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, күздегі өлі табиғат құбылыстарын бақылап, киім үлгілерінің маусымдық ауа-райына байланысты өзгеретінін айтып, балалардың сөздік қорлары байиды. Бақылау: Жұмбақ: Адамның сәні, Онсыз жоқ мәні. (киім) Балалар сендер байқадыңдар ма? Жаз мезіліне қарағанда қазіргі киімдеріміз қандай? Көшедегі адамдар қалай киінген? Неге біздер жылы киіне бастадық? Балалар, дұрыс айтасындар қазір күздің суық айы, жылы киінбесек жаурап қаламыз. Олай болса балалар жылы жүру үшін қандай киімдер киіну керекпіз.	Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: Әртүрлі мамандықтар, қызметкерлердің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайтып, аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысады. Бақылау барысы: Ән: «Болайықшы осындай» Сұрақтар: Еңбектену адамға не үшін қажет? Еңбекқорлық адамды тағы қандай қасиеттерге баулиды? Өзінді еңбекқормын деп саңайсынба? Неліктен? Аула тазалаушы не істейді? Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет? Аула тазалаушы күзде не жинайды? Ол кімдер үшін қызмет етеді? Зерттеу жұмысы:		Көгершіндерді (кептерлер) бақылау Мақсаты: құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтайды. Бақылау барысы Жұмбақ жасыру: Еркін самғап ұшсын деп, Мәпелейміз баптаймыз. Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз. (көгершін) Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау. Қандай құстар алаңға келіп қонады? Олар қайда тіршілік етеді? Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді? Оларды кім қоректендіреді?Көгершіндер қайда мекендейді? Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше	Ағаштар мен бұталарға бақылау Мақсаты: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу, өсімдіктерге күтім жасау әдістерін бақылау. Өсімдіктердің дамуы туралы ұсынысты жалпылап, өсімдіктердің бір бөліктері туралы ұсынысты кеңейтіп, өсімдіктерге өсуге ықпал етіп қамқорлықпен қарауға тәжірибе жинақтайды.. Балаларға сұрақтар: Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды? Олардың жапырақтары неге сарғаяды? Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды? Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар? Ағаштар мен бұталарға бақылау (діңгектер, жапырақтар бойынша) Кәне балалар, ағаштың бұтағын сипаттап беріндерші. Өсімдікке ол не үшін керек? (тірек

	Табиғаттағы еңбек: Аула мен дәлізді тазалау. Мақсаты: Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау Қимылды ойын: «Аюдың апанында» Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыта отырып, қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіреді. Ойын шарты: Бір бала бөлме ортасында орындыққа отырады. (аю) Қалған балалар бөлме ішінде ақырын жайлап басып, төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Әне аюдың апаны, жатыр онда дәу аю. Жайлап басып барайық, саңырауқұлақ, бүлдіргенді, Білдіртпей біз алайық. Ұйықтап жатқан аюды, оятып біз алмайық. Соңғы өлең жолдарын айтқан кезде аю, оянып кетіп балаларды ұстау үшін қуады. Жеке баламен жұмыс: Жып - жылы киім үстінде Тоңатын менің түрім жоқ Күз келіп қабақ шытқалы Солмаған бір түп гүлім жоқ Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды. Табиғаттағы еңбек: «Таза алаң» сыпыру. Мақсаты: Топта тазалық сақтауға бейімдеу. Қимылды ойын: «Тышқан мен қонжық» Мақсаты: Терең ырғақты дем алып шығаруға жаттықтырып, қимылдың дұрыстығын дамытып, омыртқа бұлшық етін дамытады. Ойын шарты: Жүргізуші қимылдар көрсетіп, сөздер айтады: Қонжықтың үйі үлкен. (тіктеліп, аяқ ұшына тұру, қолдарды жоғары көтеріп, созу, қолдың ұшына қарап, дем алу) Тышқанның үйі өте кішкентай. (тізені құшақтап отыру, басты төмен қарай түсіріп, «шшш» деген дыбыс шығару) Тышқан қонжықтың үйіне қонаққа барады. Ал қонжық тышқанның үйіне кіре алмайды, себебі сыймайы. (залды айнала жүру) Өлең қимылдармен 4-6 рет қайталанады. Жүргізуші әр қимылдың анық және дұрыс болуын мұқият қадағалайды. Жеке баламен жұмыс: Еңбекті сүй, құрметте, Керек болар еңбек те,		қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады. Зерттеу қызметі: кептер мен торғайды салыстыру. Табиғаттағы еңбек: Мектеп ауласына жем салғыш ілу. Мақсаты: Құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге баулу. Қимылды ойын: «Марғаулар мен күшіктер» Мақсаты: балалар шапшаң, тез, қимылдайды. Ойын шарты: Ойнаушы балалар «марғаулар мен күшіктер» болып екі топқа бөлінеді. «Марғаулар» өздерінің отырғыштарының қасында, ал «күшіктер» бөлменің екінші жағында болады. Тәрбиеші белгі берген кезде мысықтар жаймен жүгіріп, «мияу» деп дыбыстайды. Ал күшіктер мысықтардың соңынан қуып «ав-ав-ав» деп дыбыстайды. Мысықтар болса олардан қашып, өздерінің орындықтарының қасына барып тығылуы қажет. Күшіктерде өз орындарына қайтады. 2-3 рет қайталағаннан кейін балалар рөлдерін ауыстырады. Ойын аяқталарда тәрбиеші балаларға мысық секілді жай жүруді ұсынады. Олардың дұрыс жүруін қадағалайды. Жеке баламен жұмыс: Көгершін Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін.	қызметін атқарады: жапыраққа, гүлдерге, жидектерге; Бұтақ арқылы жапырақтар тамырдан қоректенеді) Бұтақтардың түрлерімен танысып, олардың айырмашылықтарын табу. (қайың, тал, терек) Оларды қолымен сипап көру. (талдар оның үлкен жыртындылармен, теректе, керісінше, тегіс, Қайында - өзі белгілі-ақ қара дақтармен) Табиғаттағы еңбек: Бұтақтар түбін қазу. Мақсаты: еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Қимылды ойын: «Бақалар» Мақсаты: өлең жолдарын айта отырып, сөздік қорларын дамытып, секіруге, ептілікке баулиды. Ойын шарты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды. Балалардың бір тобы шеңберді жағалай тұрады, ал қалғандары алаңның екінші бір жағына орналасқан орындықтарда отырады. Орындықта отырған балалармен бірге тәрбиеші мынандай өлең айтады. Бақалар басы қалтаңдап, Шоршиды жолда талтаңдап.
--	---	---	--	--	---

		Еңбек етсең емерсін, Жақын болшы еңбекке Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.		Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	Бақ-бақ, бақ-бақ, бақ Жүгіреді талтақтап. Шенберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді. Өлең аяқталғаннан кейін, орындықта отырған балалар алақандарын соғады (бақаларды шошытады), бақалар шалшық суға-қызықтан секіреді де жүресінен отыра кетеді. Жеке баламен жұмыс Сырғалы қайың, ақ қайың. Сырыңды сенің жаттайын. Өсе берші жайқалып, Мен ерінбей баптайын. Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Сыныпта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Қасқырлар мен лақтар» баяу қимылды ойыны. Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. Ойнаушылар үйлерінде тұрып: Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ Кетесің кейде секендеп, Байламаса көкем кеп— деген сөздерден	« Қаздар» ойыны. Мақсаты: Музыканың сипатын бейнениң мазмұнымен, оның көңіл күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ойын мазмұны: Қысқаша әңгіме, қаз өте сақ құс, ол балапан шығарған кезде, ата қаз балапандардың соң ында жүреді. Егер қауіп төнсе, ана қаз екеуі екеулеп балапандарын қорғайды. Қаздар көк шалғында шөп жейді.		Ертегі кітапшаларын тамашалау. (Қазақ тілі***)	Аудиокітап тыңдату «Кішкентай бағбан» Мақсаты: Шығарманың баяндау сипатын сезінуге баулу. Бақша құралдарын жапсыру, неге қолданылатынын әңгімелету. (Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- жапсыру)

	Кейін «өріске » беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қол тигізеді.. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді (Дене шынықтыру**)	Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қазсырнайды қатты 2-3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат қағып жүгіріп барып, ана қаздың жанына жиналады. Ойын қайталанып, ата қаз сайланады. (Дене шынықтыру**)			
Балалармен жеке жұмыс	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? Сапарбек Амирхан «Сан мен суретті сәйкестендір» ойынын ойнату. Санның қанша екенін анықтау үшін суреттегі заттарды санау, санға сәйкестендіру, өзі бос орынға санды көшіріп жазу.	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? Сапарбек Амирхан «Сан мен суретті сәйкестендір» ойынын ойнату. Санның қанша екенін анықтау үшін суреттегі заттарды санау, санға сәйкестендіру, өзі бос орынға санды көшіріп жазу.		таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы? Дуйсали Мекка Мақтақыз бен мысық» ертегісі баяндалды. Таныс ертегінің мазмұны бойынша ертегі желісімен кездескен кейіпкерлерді орналастыру. Ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу.	таныс ертегілердің мазмұнын айтып беруі; таныс бірнеше шығармаларды атауы? Нурмағанбет Дилда «Мақтақыз бен мысық» ертегісі баяндалды. Таныс ертегінің мазмұны бойынша ертегі желісімен кездескен кейіпкерлерді орналастыру. Ертегі мазмұнын айтуға бейімдеу.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың денсаулығы, көңіл-күйлері туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгімелесу «Бір аптада біз жаңа не білдік?»		Ертегі айтып беріңіз. Үйде қандай ертегі кітапшалар бар?	Ата-аналармен балаларды оқыту мәселелері бойынша әңгімелесу, қазақ тіліндегі сөздерді үйренуге ұсыныстар беру.

Бекітемін: 
Оқу ісінің меңгерушісі: Тлепова Ш.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «В» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11—10.11.2023 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 06.11.2023	Сейсенбі 07.11.2023	Сәрсенбі 08.11.2023	Бейсенбі 09.11.2023	Жұма 10.11.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Жоғалған зат» ойыны. Мақсаты: Тұрмыстық заттарды білдіретін атауларды айтып жаттығу. Балалардың есте сақтау қабілетін, ойынға қызығушылығын арттыру. Заттың атауын біліп жүруге жаттықтыру. Ойын барысы: Үстелдің үстіне бірнеше сурет қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір сурет алып тасталынады. Оқушы қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. (суреттер: аң, аңшы, қора, жайлау, қыстау, астау, киіз үй, кебеже, сандық, кереге, шаңырақ, уықкерует, кілем болуы керек.) (Қазақ тілі***)	Әнұран айту. Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы мен дыбысталуы ұқсас дыбыстарды анық айтуды үйртеу. Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану. (Қарым- қатынас іс – әрекеті- сөйлеуді дамыту, шығармашылық іс - әрекет, бейнелеу іс- әрекеті- жапсыру)	Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. Ойын жаттығуларын орындау. (Қарым- қатынас іс – әрекеті- сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру**)	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу Сюжеттік ойын «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды театр әлеміне баулу, кітапқа қызығушылығын дамыту. Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. (Қарым-қатынас іс – әрекеті- көркем әдебиет, қазақ тілі***)	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. «Шатаспай есте сақта» ойыны. Мақсаты: Балалардың қазақ тіліне тән дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуын дамыту. Музыкалық шығармалардың жанрын айта білуге жаттықтыру. Ойын барысы: Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.) Тәрбиеші балаларға суреттегі заттардың бірнешеуін айтады. Содан соң тәрбиеші айтқан заттардың суретін бөлек шығарып, атын айтуы керек. Әуезді әнге қосылып, ән шырқайды. (Қазақ тілі***, музыка****)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата –	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату.

	аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.				Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сөз құра» ойыны. Мақсаты: Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Суреттер көрсетіп, осы суретке қарап сөз құрап айту керек. Осы суретте ай мен гүл салынып тұр. Қандай сөз болады? Айгүл Айнұр Бас әріппен қандай сөздерді жазамыз? -Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? -Олар қандай топтар? Балалар қатаң дауыссыз дыбыстар мен әріптер естеріне сақтандар олар: П Ф К Қ Т С Ш Щ Х Ц Ч Ы- қайталану. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері)	«Есте сақта және тап» ойыны. Мақсаты: Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Балалардың есте сақтауын, сөздерді анық айтуын жетілдіру. Ойын барысы : 3-4 суретті есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді 10-12 дана ұқсас суреттердің арасынан табу керек. Ойын жаттығуларын қосылып, орындау. (Қазақ тілі***, дене шынықтыру**)	«Не, қайда өмір сүреді?» ойыны. Мақсаты: Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң) түсінік қалыптастыру. Ойын шарты: Балалар жан-жануарлардың, құстардың мекендерін сызықпен қосып біріктіреді. Ермексайдан үй құстарны мүсіндеу. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық іс -әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу)	«Дөңгелек» ойыны. Мақсаты: Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әр түрлі қалыпта мүсіндеу. Шығармашылыққа деген қызығушылықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Әуенге билеу. (Шығармашылық іс -әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- мүсіндеу, музыка****)	«Біреу-көп» ойыны. Мақсаты: Балаларға жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруге үйрету. (Танымдық және зерттеу іс-әрекеті -математика негіздері)
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айы (1 апта) 1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; 2 Қосалқы қадаммен алға қарай жүру; 3 Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; 4 Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; 5 Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу; 6 Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр); 7 Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру; 8 Қолды кезек жоғары-артқа көтеру; 9 Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ойын- жаттығу Жолдарыңа үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап. Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады.	Шаттық шеңбер: Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (Қарым- қатынас	«Әрқашан күн сөнбесін» Күн әлемі, көк әлемі Бұл суреті жас баланың. Ақ қағазға салған ізі, Қалдырған бұл сөзі: Қайырмасы: Әрқашан күн сөнбесін!	Ойын – жаттығу Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созындар. Саусақтармен ойнандар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.	Шаттық шеңбері: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз. (Қарым- қатынас

	Оңға-солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық тақпақ. /Б.Бөрібаев/ (Дене шынықтыру**)	іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)	Аспаннан бұлт төнбесін! Қасымда болсын мамам Болайын менде аман (Музыка****)	(Дене шынықтыру**)	іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту «Бір сөзбен ата» ойыны Мақсаты: Коммуникативтік дағдыларды дамыту, әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Математика негіздері «Сонша жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару; Қоршаған ортамен таныстыру «Ұшады, жүзеді, жүреді» дидактикалық ойыны Мақсаты: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау; Дене шынықтыру «Командалық эстафеталар» ойыны Мақсаты: Спортқа деген	Математика негіздері «Суретті санаймын» ойыны Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару; Көркем әдебиет «Сары түске бес зат айт» ойыны. Сөз мағыналарын түсініп, әңгіме айта білу дағдысын дамыту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға жаттықтыру. Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап орындауға үйрету; Музыка «Музыкалық әткеншек» ойыны. Мақсаты: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға	Сауат ашу негіздері «Суреттегідей сал» дидактикалық ойыны Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап орындауға үйрету; Қоршаған ортамен таныстыру «Бүтіннің бөлігін тап» ойыны Мақсаты: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау; Қазақ тілі «Мен қандаймын» Мақсаты: Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді жаттау, күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сауат ашу негіздері «Суреттегідей сал» дидактикалық ойыны Дене шынықтыру «Командалық эстафеталар» ойыны	Математика негіздері «Суретті санаймын» ойыны Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару; Сөйлеуді дамыту «Тұсау кесер» Мақсаты: Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; Көркем әдебиет «Кім көп айтады?» ойыны Мақсаты: Сөз мағыналарын түсініп, әңгіме айта білу дағдысын дамыту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту; Музыка «Үйде не істеп жатыр?» ойыны. Мақсаты: Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды	Сауат ашу негіздері «Сөзге шапшаң сөйлем құра?» дидактикалық ойыны Мақсаты: Берілген сөзге сөйлем құрастыруды үйрету; Қазақ тілі «Сөйлемді жалғастыр» ойыны Мақсаты: балаларға ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданып, сөз тіркестерін дұрыс қолдана білуге үйрету Мүсіндеу «Кімде қандай ойыншық?» ойыны. Мақсаты: Ойыншықтарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беріп, пішіндерін мүсіндеу. Балалардың ойыншықтардың көлемін ажырату, қандай материалдан жасалғанын тану, зерттеуге білуге үйрету; Дене шынықтыру «Акробат болғым келеді» ойыны Мақсаты: Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық

	қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;	(ән,күй,марш,би) үйрету;	Мақсаты: Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;	жетілдіру;	сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
Серуен	Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау Мақсаты: Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, ағаштар туралы түсініктері қалыптасады. (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары). Бақылау барысы: Балаларға сұрақтар: Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.) Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікенекті, жапырақты.) Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар? Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (діңі,бұтағы, тамыры) Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек? Ағаштардың халық шаруашылығына және	Температураның түсуін бақылау (термометрмен жұмыс) Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру. Балаларға ауа температурасын бақылау үшін арнайы құрал термометр бар екендігін түсіндіріп,термометрдің құрылысы туралы (шкала, қызыл сұйықты бағана) Жауын-шашынның ауа температурасына, ауа температурасының өсімдіктердің жағдайына әсерін байқауды үйренеді. Бақылау барысы: Жұмбақ: Көтерілсе жоғары Ерітеді мұхит Төмен түссе шамала Сездірер суық ызғарын. (температура) Балаларға ауа температурасын бақылау үшін арнайы құрал термометр бар екендігін түсіндіру. Термометрдің құрылысы туралы (шкала, қызыл сұйықты	Тікұшаққа бақылау Мақсаты: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, көліктерді еске түсіре отырып, тікұшақ жайлы түсінік алып, тілдері дамып, ойлау қабілеттері артады Бақылау барысы: Жұмбақ: Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. (Ұшақ) Сұрақтар: Тікұшақ қандай қызмет атқарады? Ол аспанға қалай көтеріледі? «Әуе көлігі» деп не себепті айтамыз? Көліктердің бірі әуе көлігі – тікұшақ. Ол адамдарды керек жеріне лезде жеткізеді. Оның аты айтып тұғандай, ол аспанға бірден тік көтеріледі. Өте үлкен бұл әуе көлігі өте қолайлы. Оның ұаштын жері жазық	Итті бақылау Мақсаты: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату. Жануарлар өміріне деген қызығушылықтары артып, қиын жағдайда көмек беруге тәрбиеленеді Бақылау барысы: Жұмбақ: Үйінді қорғайды, Үйге бірақ, қонбайды. (Ит) Балаларға сұрақтар. Иттің тұратын орны қалай аталады? Иттің сүйікті тамағы не? Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер? Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың	Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, табиғат өзгерістерін көре білуді әдемілікті сезінеді. Бақылау барысы: Жұмбақ: Қыста ғана болады,Ұстасаң қолың тонады.(Қар) Тәрбиеші сұрақтары: Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады? (екі – үш күн) Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал) Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (түнде) Зерттеу жұмысы: Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау. Екі қарды салыстыру. Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау. Әлі қар ерімеген жерді табу. Табиғаттағы еңбек: Ағаш түптерін қармен жабу. Мақсаты: Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.

	Жаңа піскен кезімде Жейді бәрі сүйсіне! (Қияр) Қалың киім ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Жуа) Біздің бақшада қандай көкөністер өседі? Тәрбиешімен бірге сендер қандай жұмыс істедіңдер? Үлкендер бақшада не істейді? Табиғаттағы еңбек: Гүлдердің тұқымын жинау. Мақсаты: Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Қимылды ойын: «Бақшада» Мақсаты: ептілікке, еңбектеуге ынталанады. Ойын шарты: Үлкен шеңбер сызылады. Ол-бақша, оның ішінде шеткеректе орындықта күзетші отырады. Шеңбердің екінші жағында екі орындықтың үстінде таяқ қойылады-бұл бақшаның қоршауы. Балалар таяқ астынан еңбектеп өтіп, «баққа» кіреді. Жақсы-ау қауын жинаған Жақсы-ау қарбыз жинаған Бәрінен де дұрысы Үлкеннің сөзін тыңдаған,-деп қауын, қарбыз жиып жүреді. Бір кезде « күзетші» келіп « қарақтарым көмектеріңерахмет»-дейді. Балалар қайтадан таяқтың астынан	Жел атмосфера қабаттарында біркелкі таралмауынан пайда болады әрі жоғары қысымнан төменгі қысымға қарай бағытталады уақыт тұрақ ты болмайтындықтан желдің жылдамдығы мен бағыты үнемі өзгеріп отырады. Табиғаттағы еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. Мақсаты: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек» Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Ойын шарты: Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады: Ақ серек те көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар бір ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз	Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал) Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (түнде) Зерттеу жұмысы: Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау. Екі қарды салыстыру. Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау. Әлі қар ерімеген жерді табу. Табиғаттағы еңбек: Ағаш түптерін қармен жабу. Мақсаты: Шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, 94 қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу Қимылды ойын: «Ит пен қоян» Мақсаты: Шапшандыққа, ептілікке шыңдалады.. Ойын шарты: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», « қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. Жеке баламен жұмыс: Қар жауыпты далаға, Қар жауыпты қалаға. Сырғанаймыз енді біз, Отырып ап шанаға. Ойынқұмар көп бала,	Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды. /Қыс/ Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады. Балаларға сұрақтар: ♦ желтоқсан айы қай айдан соң келеді? ♦ қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды? Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды? Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар? Табиғаттағы еңбек: Ағаштар түбін қармен көму. Мақсаты: Еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға баулу. Қимылды ойын: «Қарлы әткеншек» Мақсаты: балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру. Ойын шарты: Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады. Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан	бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен. Табиғаттағы еңбек: Демалыс орнын қардан тазарту. Мақсаты: Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну. Қимылды ойын: «Ақсүйек» Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйренеді. Ойын шарты: Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақсүйекті іздендер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп,
--	---	--	---	--	--

	енбектеп өтіп, үйлеріне қайтады. Жеке баламен жұмыс: Қимылдарды дамыту. Допты екі қолмен жерге соғуды үйрету. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Енді кезек бойынша ойынды екінші топ әлгі әдіспен бастайды. Осылайша ойын кезекпен жалғаса береді. Қай топ өз ойыншыларынан көп айырылып қалса, жеңілген боп есептеледі. Жеке баламен жұмыс: Жел де ауа кәдімгі, Жел дегенің тек бірақ. Ойға-қырға шапқылап, Байыз таппас ауа ғой. Еркін ойын: Мақсаты: Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады.	Шұрқырасып топтала, Аппақ қардан жасаймыз, Әп-әдемі аққала. Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.	кейін қаттырақ, ақырында жүгіреді.Балалар бірнеше рет айналғаннан кейін тәрбиеші айтады: «Жел өзгерді,қарлар басқа бағытқа ұша бастады.» Балалар тоқтап кері қарай жай жүреді және қаттырақ, ақырында жүгіреді.Бірнеше рет айналған соңтәрбиеші: «Жел басылды, қарлар жерге жаймен жауып жатыр.»Қарлы өткеншектің қимылдары жайлап балалар тоқтап қолдарын жібереді. Кішкене дем алғаннан кейін ойын қайталанады. Жеке баламен жұмыс: О, алақай қыс келді, Бізге қуаныш әкелді. Дала қарға оранды, Бала біткен қуанды. Елемейді ешкімде, Суық пенен боранды. Күні бойы тынбайды, Суығына тоңбайды. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жеке баламен жұмыс: Жаңылтпаш Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Сыныпта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	-«Сықырлы сандық» ойыны. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын, фонетика - фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету. Шарты: Сықырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы	«Алма ағашы» ойыны. Мақсаты: Қ, Ғ, ң дыбыстарын дифференциациялау. Дыбыстарды бір - бірінен ажыратуға үйрету. Шарты: себеттегі алмада бейнеленген суретті атап дыбыстарды бір - бірінен ажыратып, алма ағаштарын алмаға толтыру. Ән әукніне қимылдар жасап, билеу.	«Балық аулайық» Мақсаты: Ө, Ұ, Ү дыбыстарын дифференциациялау. Туыстықты білдіретін суреттерді атап, балықты аулау. «Асыл әжем» әніне қосылып, ән шырқау. (Қазақ тілі***, музыка****)	«Мен жақсы сөйлеймін» ойыны. Мақсаты: Ертегінің мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға жаттықтыру. Кейіпкерлерге және олардың әрекетін өз көзқарасын білдіру. Шарты: ертегіні электрондық қазақ үй құралынан тыңдап, желісі бойынша әңгімелеу. (Қазақ тілі***)	«Алма ағашы» ойыны. Мақсаты: Ө, Ө, І, Ұ, Ү дыбыстарын дифференциациялау. Дыбыстарды бір - бірінен ажыратуға үйрету. Шарты: себеттегі алмада бейнеленген суретті атап дыбыстарды бір - бірінен ажыратып, алма ағаштарын алмаға толтыру. Ән әукніне қимылдар жасап, билеу.

	дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері, шығармашылық іс -әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-құрастыру)	(Қазақ тілі***, музыка****)			(Қазақ тілі***, музыка****)
Балалармен жеке жұмыс	үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы? Азамат Диар үй жануарлары мен жабайы аңдар, төлдерін үй құстарының суретін көрсете отырып, танып айтуға, тапсырманы орындауда жапсыруға, үй жануарларының жейтін қорегін сызбамен сәйкестендіруге жаттықтыру.	үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы? Батыр Дария үй жануарлары мен жабайы аңдар, төлдерін үй құстарының суретін көрсете отырып, танып айтуға, тапсырманы орындауда жапсыруға, үй жануарларының жейтін қорегін сызбамен сәйкестендіруге жаттықтыру.	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? Курманбек Абиляхаир Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру мақсатында «Математикалық гүлдер» ойынын ойнату. Гүл күлтешелерін ретімен қойып, гүлдесте жинау. Өз бетімен тура, кері санауға үйрету.	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? Жұманова Аянат Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру мақсатында «Математикалық гүлдер» ойынын ойнату. Гүл күлтешелерін ретімен қойып, гүлдесте жинау. Өз бетімен тура, кері санауға үйрету.	таныс бірнеше шығармаларды атауы? Серик Асниат «Түлкі мен қасқыр» ертегісін жіптің бойына кейіпкерлерді тізіп қыстырғышпен орналастыру. Ертегіде кездесетін заттарды да (балық, шана, мұз ойығы, суға келген ауыл адамдары, ауыл суреті) орналастырып, ертегіні баяндау.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы, бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу.	Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесу.)	Балаларының бір аптадағы жетістіктері туралы айтып, сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.

Бекітемін: 
Оқу ісінің меңгерушісі: Тлепова Ш.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Мектепалды «В» сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11—01.12.2023 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 27.11.2023	Сейсенбі 28.11.2023	Сәрсенбі 29.11.2023	Бейсенбі 30.11.2023	Жұма 01.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . «Басынан баста» ойыны. Мақсаты: Балалардың сөйлеуін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сөздің мағынасына қызығушылыққа булу. Ойын барысы: Бірінші ойыншы карточканы алып ауызша атап, суретімен төмен қарай қояды. Екінші ойыншы келесі карточканы алып, бірінші карточканы атап, содан кейін өз карточкасын атап, бірінші карточканың үстіне қояды. Келесі ойыншы да дәл солай қайталайды. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . Дидактикалық ойын: «Сәлемдесу» Мақсаты: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету. Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . «Гүлдене бер, Қазақстан!» Мақсаты: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Ойын шарты: Бәйтеректің суретін салуға үйрету. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық іс -әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . «Менің Отаным» (өлең) Мақсаты: Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді үйрету. (Қарым- қатынас іс –әрекеті- сөйлеуді дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . «Ненің төлі?» Мақсаты: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату. Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін білуге, жануарларды күту және, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті- қоршаған ортамен таныстыру)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата аналарға балаларына өз-өзіне қызмет етуді үйрету жөнінде кеңес беру.	Ата-аналарға балаларының денсаулығына баса назар аудару керектігі жөнінде әңгімелесу.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	«Күн мен Жаңбыр» ойыны Мақсаты: Балаларды қоршаған ортаға өзінің қарым қатынасын білдіруге ынталандыру. Ойын шарты: Балалар отырғыштарды тізіп қойып,	«Қолғап» ертегісі Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауын ықпал ету. Ертегіні оқып, мазмұнын сұрақ қою арқылы әңгімелету.	«Жел көбік» ойыны Мақсаты: Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. балалардың сөздерді анық айтуын жаттықтыру.	«Суретші» ойыны. Мақсаты: Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды	«Тапшы, кімнің дауысы?» ойыны. Мақсаты: Денені шынықтыруға баулу. Балалардың шапшаңдығын, байқампаздығын дамыту.

және тағы басқа әрекеттер)	соның артына, терезеден қарағандай болып отырады. Тәрбиеші «Күн» дейді, балалар ойнауға шығады. «Жаңбыр» деген белгі бергенде қайтадан «терезенің» артына тығылады. «Көңілді күн» әніне қосылады. (Қазақ тілі***, музыка****)	(Қарым- қатынас іс – әрекеті- көркем әдебиет)	Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өленді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» дегенде балалар қолдарын төмен түсіріп, «Тарс етті», - деп отыра кетеді, ойын қайта басталады. (Қазақ тілі***, дене шынықтыру**)	ұсынады. (төрбұрыш, үшбұрыш, шаршы) Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткеннен кейін тәрбиеші балалардың суреттерін жинап алып, суретте не слалынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды. Егер бала есіне түсіре алмаса, алғашқы суреттерді қайтадан таза парак бетіне салуды ұсынады. (Музыка****, шығармашылық іс -әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- сурет салу)	Ойын шарты: Ойын бастаушы көзін байлайды. Қалғандары өлең айтып, шеңбер болып тұрады. «Секір секір» деген кім, Білгіш болсаң таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, Сол орынды ала ғой дегенде тәрбиеші айтып қойған бір бала «секір секір» дейді. Бала көзін ашып кім айтқанын табу керек. Әуен ырғағына би қимылдарын жасау. (Музыка****, дене шынықтыру**)
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айы (ІҮ апта) 1 Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; 2 Тізені жоғары көтеріп жүру; 3 Тепе-теңдікті сақтау: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; 4 Қатармен бір-бірден тізені жоғары көтеріп жүгіру; 5 Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою; 6 Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру; 7 Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею; 8 Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет); 9 Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); 10 Жұбымен шеңбер бойымен жүру				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. Достық тақырыбындағы суреттерді тақырыбындағы суреттерді арасынан тауып, бәйтерекке ілу. Ұжыммен суретті құрастыруға баулу. (Шығармашылық іс - әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру)	Шапалақ. Балалар шеңберге тұрып қолдарын созады. Тәрбиеші 3 деген кезде, барлықтары бір уақытта қолдарымен шапалақ соғуға тиісті. Балалар сендердің көңіл - күйлерің қандай? Сендер көңіл - күйлеріміз жақсы дедіндер. Енді осы жақсы көңіл - күйлеріңді көрсетіңіздерші. Көңілді болғанда не істейміз? Ренжігенде... Қорыққанда...	«Дос болайық бәріміз» Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! (Музыка****)	«Есте сақта және тап» ойыны. Мақсаты: Ауызекі сөйлеуді қарым қатынас құралы ретінде дамыту. Ойын барысы : 3-4 суретті есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді ұқсас суреттердің арасынан табу керек. Ойын жаттығуларын қосылып, орындау. (Қазақ тілі***)	Шаттық шеңбері: Бәріміз ән саламыз, Досымызды табамыз. Сәлемт пе, міне мен Доспын енді сенімен. (Музыка****)

		Қуанғанда... Таң қалғанда... Шапалақты тыңда (Музыка****)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту «Қысқы дайындық» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен толықтыру. Математика негіздері «Тауып көріндерші, қайсысы түсіп қалды?» ойыны Мақсаты: Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру «Зандылығын тап» Мақсаты: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуға, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу; Дене шынықтыру «Біздің стадион» » қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді	Математика негіздері «Қайсысы артық?» ойыны Мақсаты: Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды үйрету. Көркем әдебиет «Суретті жандандыр» ойыны Мақсат: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту, өлең мазмұнын айтуға жаттықтыру; Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу; Сауат ашу негіздері «Буынға буын қос» ойыны Мақсаты: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға үйрету; Музыка «Аңшы мен қояндар» ойыны. Мақсаты: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру;	Сауат ашу негіздері «Бір сөзбен айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу; Қоршаған ортамен таныстыру «Қала қонақтары» ойыны. Мақсаты: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту; Қазақ тілі «Дұрыс ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент). Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Дене шынықтыру «Біз – болашақ әскерміз!» қимыл-қозғалысты ойыны	Математика негіздері «Не жетпей тұр екен?» дидактикалық ойыны Мақсаты: Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды үйрету. Сөйлеуді дамыту «Шаштараз» ойыны Мақсаты: Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту, әңгімелеп айт білу дағдысын дамыту. Көркем әдебиет «Бұл кімнің сөзі?» ойыны Мақсат: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу; Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту; Музыка «Сылдырмақ» ойыны. Мақсаты: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен кобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар, шығармаларымен таныстыру;	Сауат ашу негіздері «Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» ойыны Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу; Қазақ тілі «Сандық» ойыны Мақсаты: Балалардың шағын өлеңдерді, санамақтарды, жаңылтпаштарды, тапқақтарды жаттатуға, жұмбақтар шешкізу арқылы тіл байлықтарын дамыту. Сурет салу «Түсі бойынша жина» ойыны. Мақсаты: Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз Дене шынықтыру

	алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу;		Мақсаты: Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру;		«Тым-тырақай» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру;
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.				
Серуен	Жылы жаққа қайтқан тырнарды бақылау. Мақсаты: Жануарлардың, құстардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату. Күзде тырнардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Табиғаттағы еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау. Құстарға қамқорлықпен қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: Алақан соқпақ Ойын мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа, татулыққа тәрбиелеу және сөздік қорларын молайту. Ойын шарты: Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелене	Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Табиғаттағы еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиынақты орындауын қадағалау. Қимылды ойын: «Сұр қоян» Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Қоян болған бала ортаға шығады.	Жауын-шашынды бақылау. Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Жауын-шашын жайында толық түсінік беру. Пайдасы мен зиянын ажырата білу, тілдерін дамыту. Жауын-шашын өте пайдалы. Егер жауын болмаса ауа ластанып кетеді. Жауыннан соң өсімдік түрленіп, өседі. Жауын-шашынның түрлері: - Бұршақты; - Нөсер жауын; - Сіркіреп жауатын жауын; Бұршақты жауын қатты жауса егінді тесіп жібереді. Сұрақтар: - Жауын-шашынның пайдасы қандай? - Жауынның зияны? - Сендер ұнатасыңдар ма жауынды? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: «Жаңбыр» Алатаулар бауырына, Атам-әжем ауылына. Ақша бұлттар ауа берші, Жау-жау жаңбыр, жауа берші. Қорытынды: «Біз не	Күздік жемістерді бақылау Мақсаты: Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі туралы ұғымды бекіту. Балаларға жемістерді ажырата білуге, дәміне қарай атап, адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін айту. Жемістерді күтуге, сақтай білуге үйрету. Күздік жемістер – күз мезгілінде пісетін бау-бақша өнімі. Олар: алма, өрік, қарақат, алхоры, шие, алмұрт, долана, алша, анар, т.б. Сұрақтар: - Сендерге жемістер ұнайды ма? - Қандай жемістерді білесіңдер? - Адамға қандай пайдасы бар? Табиғаттағы еңбек: Көкөніс, жеміс тұқымын жинап, кептіру. Мақсаты: Өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге	Топырақты бақылау Мақсаты: Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Балаларға топырақтың пайдасы, зияны жайында айтып, түсіндіру. Ойлану, сөйлеу қабілетін арттыру. Тілдерін дамыту. - Топырақ – табиғаттың бір бөлігі. Оны адамдар өзінің қажетіне жаратады. Өйткені топырақ болмаса, біздің жеп отырған нанымыз, асымыз болмас еді. Топырақтың құнарлысы және шірігі болады. Құнарлы топырақта барлық өсімдік жақсы өседі. Сұрақтар: - Топырақтың адамға қандай пайдасы бар? - Топырақ табиғаттың қандай түріне жатады? - Не себепті? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Дала десем, мал елестер көзіме, Дала десем, дән елестер көзіме.

	отырады.Орталарынан баста ушы белгілейді.Оған сүлгі (орамал)беріледі.Баст аушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге – Алақанды тос!дейді.Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп-Сүлгі қайда?– деп сұрайды.Сонда ойыншы «анада» - деп бір баланың атын ат айды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады.Бастаушысүлгі атын айтады.Ойын осы ретпен жалғаса береді.Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды. Жеке баламен жұмыс: Сап - сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	Балалар: Қоян, қоян тұршы, Беті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашыңды тарашы Енді бізді қушы. Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады. Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі. Ойын 4-5 рет қайталанады. Жеке баламен жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр) Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.	білдік?»Егінге пайдасын білдік.Бұршақтың зиянды екенін білдік. Табиғаттағы еңбек: Аула гүлдеріне су құю. Мақсаты: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Үлкендер еңбегін бағалау. Балалардың еңбекке деген құлшынысын ояту. Серуен кезіндегі әсерлерімен бөлісу. Қимылды ойын: Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балаларды берілген белгі бойынша шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зейінін аударуға және ұйымшыл болуға үйрету, олардың есту қабілетін дамыту. Ережесі: Балалар алаңға шығады. «Жаңбыр!» белгісі берілгенде балалар үйге кіріп, паналауы керек. «Күн!» белгісі берілгенде балалар сыртқа шығып жүгіруі керек. Ойынды 3-4 рет қайталау. Жеке баламен жұмыс: Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Қыста, жазда, күзде де, Тұрады жасыл түске еніп. Шипасы мол шыршаның, Тыңайтар бізге күш беріп. Еркін ойын: Мақсаты: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, ойын жаттығуларын орындауын бақылау.	көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Қимылды ойын: «Аттамақ» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар екі жақтан екі арқанды ұстап тұрады.. Ортасынан балалар біреулеп қарғып секіреді. Жеке баламен жұмыс: Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Қыста, жазда, күзде де, Тұрады жасыл түске еніп. Шипасы мол шыршаның, Тыңайтар бізге күш беріп. Қорытынды: «Біз не білдік?»Күздік жемістердің пайдалы екенін.Мақал-мәтел: «Жақсы бала – елдің ырысы». Еркін ойын: Мақсаты: Балалар бұрын соңды ойнап жүрген ойындарын естеріне түсіреді немесе қиялдарына шабыт беру арқылы жаңа бір ойын түрін ойлап шығарады.	Дала десем, ән естілер құлаққа, Мұның бәрі топырақтан жаралған. Табиғаттағы еңбек: Аланды өскен, сарғайған арам шөптерді жұлу. Мақсаты: Өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Қимылды ойын: «Асық ату - алшы». Мақсаты: Балаларға асық ойындары жайында білім беру. Асық ату, ойлау дағдыларын қалыптастыру, ептілікке баулу. Ережесі: Үш бала шығып сақаларын лақтырады. Бірінші кезекте –алшы түссе, екінші кезекте – тәйке түссе, үшінші кезекте – бүк түссе, төртінші кезекте – шік түссе осылайша ойын жалғаса береді. Жеке баламен жұмыс. Мақал-мәтел: «Ердің атын еңбек шығарар». Еркін ойын: Мақсаты: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
--	--	---	---	--	--

Серуеннен оралу	Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Сыныпта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Тасымақ» ойыны Мақсаты: Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру, шапшандық, жылдамдық, ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту. Бұл ойында 2 жерге ыдысқа су құйып қояды, сол суды қарсы бетке қойылған бос кесеге қасықтап 2 адам тасиды. (Дене шынықтыру**)	«Әдепті балалар» ойыны. Мақсаты: Балалардың әрекеттерін суреттер арасынан тауып, әдепті бала атану себебін сұрап, суреттерді, бәйтерекке ілу. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді үйрету. (Шығармашылық іс - әрекет, бейнелеу іс-әрекеті- құрастыру)	«Біз де» ойыны. Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті мен сөйлем туралы түсініктерін дамыту. Ойын бастаушы: Мен көлге барамын. Балалар: біз де. Ойын бастаушы: онан үйрек ұстап аламын. Балалар: біз де. Ойын бастаушы: үйректің жарымын күшігіме беремін. Балалар: біз де. Ойын бастаушы: күшігім жейді. Осы кезде біреу; «біз де», деп қалса, ойын тоқтайды. Әлгі қателескен бала айып тартады. Бұдан соң ойын қайта басталады. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет -сауат ашу негіздері)	«Тымпи тымпи» ойыны Мақсаты: Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына ықпал ету, ептілікке баулу. «Тымпи тымпи» ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған жұрттың ортасына шығып: «Тым тырыс, тымпи тымпи», дейді. Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс. Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады. (Дене шынықтыру**)	«Музыкалық моншақтар» ойыны. Мақсаты: Балалардың музыкаға қызығушылығын, әуенді тыңдап, балаларға арналған, көңілді әуендерді ажыратып табу. Ойын барысы: әуен ойналады. Балалардың қолдарында картоннан жасалған кіші және үлкен моншақтар бар. Қысқа әуен ойналғанда кіші моншақ, ұзақ әуен ойнағанда үлкен моншақты көрсетуі керек. (Музыка****)
Балалармен жеке жұмыс	үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы? Сапарбек Амирхан «Ғажайып ілгек» ойыны арқылы үй жануарлары мен төлдерін және мекен ететін жерін, жабайы аңдарды атау, түрлерін ұмытпай әңгімелеуге жаттықтыру.	үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атауы? Жұманова Аянат «Ғажайып ілгек» ойыны арқылы үй жануарлары мен төлдерін және мекен ететін жерін, жабайы аңдарды атау, түрлерін ұмытпай әңгімелеуге жаттықтыру.	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? Сирик Асинат Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру мақсатында «Математикалық гүлдер» ойынын ойнату. Гүл күлтешелерін ретімен қойып, гүлдесте жинау. Өз бетімен тура, кері санауға үйрету.	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуы? Койшыбаев Ералы Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру мақсатында «Математикалық гүлдер» ойынын ойнату. Гүл күлтешелерін ретімен қойып, гүлдесте жинау. Өз бетімен тура, кері санауға үйрету. Сандарды реті бойынша орналастыруға, санап үйренуге	таныс бірнеше шығармаларды атауы? Серик Асинат «Түлкі мен қасқыр» ертегісін жіптің бойына кейіпкерлерді тізіп қыстырғышпен орналастыру. Ертегіде кездесетін заттарды да (балық, шана, мұз ойығы, суға келген ауыл адамдары, ауыл суреті) орналастырып, ертегіні баяндау.

				жаттықты. Қарапайым мысалдарды орындауға жаттыға бастады.	Нәтижесінде балалар ертегіні мазмұндап, танып, ертегі кейіпкерлерін атап үйренді. Өз беттерімен ертегі желісін баяндауға жаттықты.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.	«Аурудың алдын алу» жөнінде ата-аналарға арналған кеңес.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру.	Үйге тапсырма желтоқсанға сурет салу, қолөнер жасауға ат салысуға шақыру.

Бекітемін: 

Оқу ісінің меңгерушісі: Тлепова Ш.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 9 жалпы орта білім беретін мектеп

Мектепалды «В» сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12—08.12.2023 ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 04.12.2023	Сейсенбі 05.12.2023	Сәрсенбі 06.12.2023	Бейсенбі 07.12.2023	Жұма 08.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. «Мектепке келе жатырғанда не көрдік?» Мақсаты: балалардың ауызекі сөйлеуде сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. (Музыка****, қоршаған ортамен танысу -қарым-қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. «Кітап бұрышына саяхат» Мақсаты: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. (Көркем әдебиет - қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. «Біз әйбат» Мақсаты: отбасы мүшелерін атау, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға үйрету, музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. (қоршаған ортамен танысу, музыка ****-танымдық іс әрекет, зерттеу іс әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Өнұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру. «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту, физикалық үйлесімді дамыту; спортқа деген қызығушылықты арттыру. (Сөйлеуді дамыту , дене шынықтыру-қарым-қатынас іс-әрекеті , дене шынықтыру**)	Балаларды қабылдау, балалардың денсаулығын тексеру, жақсы көңіл күйде балаларды қарсы алу. Балаларға қолайлы жағдай туғызу, не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікірін білу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білуді, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып атай білу. (Математика негіздері - Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың әл-ауқаты, демалыс күндері туралы әңгімелер.	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу.	Ата-аналармен балаларының балабақша деген көзқарастары туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке)	Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	Үстел-үсті ойын «Тостаған» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін	Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір – бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне	Үстел-үсті ойын «Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады, және бір-	Сюжеттік ойын «Шаштараз» Мақсаты: Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.	Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету. (Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	алады. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білуді үйрету. (Сөйлеуді дамыту - қарым-қатынас іс-әрекеті)	бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. (құрастыру, қазақ тілі-Қазақ тілі***, Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	(Көркем әдебиет - қарым-қатынас іс-әрекеті)	(Математика негіздері-танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айы (I – II апта) 1. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру, аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; 2. белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру, заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру. 3. Тепе-теңдікті сақтау: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. 4. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. 5. кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу жүгіру. 6. Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу. 7. кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. 8. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу 9. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру,				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз,	Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз.	Ойын – жаттығу Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.	Шаттық шеңбер. Қуанышы баланың, Қуанышы ананың. Бізді өсірген апатай, Еңбегің де зор екен. Құтты болсын «апатай», Құтты болсын мерекең!	Саусақ ойыны: «Не қалай дыбыстайды?» . Мақсаты: кейіпкерлерді (ит, мысық, тышқан, әтеш) көрсетіп дыбысын салуға үйрету.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Математика негіздері «Ретке келтіреміз» ойыны Мақсаты: балаларға заттың шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және өсуі мен кемуі бойынша бірнеше заттарды салыстыру; Сөйлеуді дамыту «Бәрін білемін» ойыны Мақсаты: Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың	Математика негіздері «Тең заттар» ойыны Мақсаты: заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстырудың көмегімен тең заттарды табуды үйрету; Көркем әдебиет «Сөз ойла, көп ойла» ойыны Мақсат: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш	Сауат ашу негіздері «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: Сөйлемді ауызша талдауға үйрету; Қоршаған ортамен таныстыру «Табиғат құбылыстарын ажырат» ойыны.	Математика негіздері «Сонша жина» дидактикалық ойын Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен, заттарды шамасы бойынша санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеуді дамыту «Су торғайы» әңгімесі	Сауат ашу негіздері «Буынға буын қос» дид/қ ойыны Мақсаты: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету; Қазақ тілі «Аудармашы» ойыны Мақсаты: Балаларға сөйлем құратуда, сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп

	қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен көрнекі материалдарды таңдау дағдысын дамыту; Қоршаған ортамен таныстыру «Текшенің қай тұсы? » ойыны Мақсаты: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту; Дене шынықтыру «Күшті, батыл және үлкен боламын!» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру;	айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сауат ашу негіздері «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойын Мақсаты: Сөйлемді ауызша талдауға үйрету; Музыка «Сиқырлы текше» Мақсаты: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету; Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білугеиі үйрету;	Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; Қазақ тілі «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Сөздерді жіктеп, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып айта білуге, сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру; Дене шынықтыру Күшті, батыл және үлкен боламын!» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру;	Мақсаты: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету; Көркем әдебиет «Сөз айт , көп айт» ойыны Мақсат: Сахналық қойылымдарға қызыға қатысуға баулу, ертегі кейіпкерлерін сипатау. Музыка «Не қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдауға үйрету; Әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білугеиі үйрету;	қолдана білуді, ажыратып айта білуді үйрету; Мүсіндеу: «Түрлі-түсті доп» ойыны Мақсаты: Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану; Дене шынықтыру «Жүгіру» қимыл-қозғалысты ойыны Мақсаты: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру;
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтырып, Қыс мезгіліндегі құстардың мінез – құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастырады.	Ауа - райын бақылау Мақсаты: Қыс мезгіліндегі ауа райындағы өзгерістермен таныстыру. Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.Қыс табиғатының әсемдігіне,	Қара қарғаны бақылау Мақсаты: Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылап, басқа құстардан айырмашылығын табады. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). Бақылау барысы Балаларға сұрақтар:	Көпшілік көліктерін бақылау Мақсаты: көпшілік көліктері туралы білімдері бекіп, жолда жүру ережелерін біледі; үлкендер еңбегі мен техникаға деген	Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? бақылау Мақсаты: Балаларды ағашты күтуге үйреніп,қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол

	Табиғаттағы еңбек: Құстарға қамқорлық Мақсаты: құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль» Мақсаты: балалар жылдам, шапшаң қимылдай алады. Ойын шарты: Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып отырындықтада отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді, торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады Жеке баламен жұмыс: «Торғайларды қорғаңдар» Ө. Ақыпбекұлы Шыр - шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп - кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Еркін ойын: Мақсаты: Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанау ойындарына жағдай жасау.	сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру. Табиғаттағы еңбек: Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну. Қимылды ойын : «Ақсүйек» Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйренеді. Ойын шарты: Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жеке баламен жұмыс: Жаңылтпаш Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? Еркін ойын:	Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар). Қарғаның түсі қандай? Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. Табиғаттағы еңбек: Мақсаты: Аула тазалаушыға көмектесу. Алаңды қардан тазалау. Қимылды ойын: «Айдаһардың құйрығы» Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелейді. Ойын шарты: Ойынға қатысушылар бірінің артынан бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған адам – «айдаһардың басы». Ең соңғысы - «құйрығы» болады. Ойын кезінде көңілді музыка қойылады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Оның мақсаты – ұстап алу,	қызығушылықтары артады. Бақылау барысы: Жұмбақ жасыру: Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ: Май жейді, Су ішеді. Бұл не екен балалар? (Машина) Балалармен әңгімелесу өткізу. Табиғаттағы еңбек: Мақсаты: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтау. Қимылды ойын: «Трамвай» Мақсаты: жол ережесін сақтап, шапшаңдыққа баулиды. Ойын шарты: Балалар бір-бірімен қол ұстасып, екі-екіден алаңның бір жағында калоннамен сапқа тұрады, жіптің шеті байланған. Тәрбиеші жасыл түсті жалаушаны көтереді, балалардың бәрі жүгіреді трамвай қозғалып, жүре бастайды. Балалар тәрбиешіге дейін жүгіріп келеді де жалауша алмаспады екен деп қарайды, егер жасыл жалау көтерілген күйінде тұрса, трамвайдың жүрісі жалғастырыла	қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсініп, балалар табиғатты сүюге үйренеді. Табиғаттағы еңбек : Мақсаты: Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру. Қимылды ойын: «Қарағайлы ормандағы аю» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиеленеді. Ойын шарты: Алаңның бір жағына аюдың іңі сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдар! –дегенде балалар үйден шығып орманға барады. Олар хормен мына өлеңді айтады. Аю жүрген орманнан Жидек тере мен барғам Аю отыр гүрілдеп, Жарамайды мұның,-деп « Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады. Жеке баламен жұмыс: Жаңылтпаштар: Қар аппақ, дала аппақ- бәрі аппақ.... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па? Еркін ойын : Қимылды ойынның дамуына
--	--	---	--	---	---

		Мақсаты: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.	«құйрықтың» мақсаты – ұстатпау. Жеке баламен жұмыс: Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. Еркін ойын: Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.	береді, егер сары немесе қызыл жалауша көтерілсе, балалар тоқтап, жасыл түсті жалаушаның көтерілгенін күтеді. Егер ойнауға талапкер көп болса, онда аялдама жасауға болады, Жеке баламен жұмыс: «Автобус» Е.Елубай. Автобус іші көңілді, Автобус алға зырлайды, Көлік қой ол сенімді. Бағытынан еш аумайды. Вокзал, театр, мектепке Зыр айналар дөңгелек, Жолаушылар мінгізіп, Еркін ойын: Мақсаты : балалардың қимыл белсенділігін ұйымдастыруда ойнайтын орынды жабдықтап беру.	ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Аққала соққан бала» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде аққала соғып ойнайтындығын түсіндіру. Аққаланы мүсіндеуге үйрету. Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалптастыру. Саусақ моторикасын дамыту. (Мүсіндеу-	Логикалық тапсырмалар: Ілгек жапсыру, қиындыларды ретімен жапсыру. (Дене шынықтыру**, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	«Пазл құрастырамыз». Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; түрлі сызықтарды салады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: бір-бірімен еркін диалог құрады; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады; Ойын шарты: Балалар жыл мезгілдеріне сәйкес түстерді шеңберге тізбектеп, ретімен жүйелі құрастырады.	Дидактикалық ойын: «Моншақ тізейік» Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, жұмыс жасайды. Бірінші топ моншақтарды түстеріне сай жалғастырып суретін салады, екінші топ заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыра отырып тізбектерді санауға үйрету.

